



Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы, ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ**тің туған күні құтты болсын!

Туғанда жарқыраған күліп тегі,
Қазақтың аспанының тұнық көгі.
Келді деп дүниеге қуанғандай
Болашақ асыл сөздің Ұлықбегі!

Табиғат көріпкел-ау, дауың бар ма?!
Кенде емес ұлы дала дарындарға.
Солардың арасынан дара шығып,
Сөздегі ұластырды бағыңды алға!

Шыққанда жыр бағында шынарланып,
Оқисың есің кете құмарланып.
Сұңгисің жүрегіңнің тереңіне,
Өлеңнің шыңдарына шырақ жағып.

Ұлығы дәл осындай болар жырдың,
Жарығы кәусарындай тамар күннің.

Қадыр ЖҮСІП,
Республикалық “МАХАМБЕТ”
әдеби-мәдени, танымдық журналының
Бас редакторы

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЕГІЗ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт ТОҚАЕВ үстміздегі жылдың 5 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақаласында еліміз өз алдына отау тіккен 30 жылдың ішінде атқарылған ауқымды істерді тұжырымдап бергені белгілі. «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады... Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?» «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандыраы анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралып, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», – деген Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ елімізде осы Тәуелсіздік жылдары экономикада, әлеуметтік және қоғамдық-саяси жүйелерде жүзеге асырылған жарқын істерді шолып өтіп, алдағы міндеттерге тоқталған еді.

Сонымен қатар Президентіміз өз мақаласында білім, ғылым және жастар саясатына да назар аударғаны мәлім. «XXI ғасыр білім мен біліктіліктің дәуірі» екенін айтқан Қ.Тоқаев Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілгенін айтты. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілеріміз, біздің күшіміз, деді ол. Осы 30 жылда орта және арнаулы орта, жоғары білім беру жүйелеріміз танымастай өзгерді.

Біз бұған қалай қол жеткіздік? Тәуелсіздіктің 30 жылында еліміздің білім жүйесі жаңа заманға лайық әрі халықаралық стандарттарға сай дамып, оның отандық үлгісі қалыптасты. Жас Қазақстан мемлекеті өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап еңселі экономикалық-әлеуметтік маңызы бар реформаларды жүзеге асырып, жаңа кезеңге аяқ басты. Қазақстанның білім беру жүйесін жаңартудың басты міндеті сапалы біліммен қамтамасыз ету және білім беру саласының барлық компоненттерін жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің болашақ талабымен сәйкестендіру болып табылатындығы туралы ұстанымды басшылыққа алған біздің елімізде едәуір табыстарға қол жетті. Өйткені мемлекетіміз Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап экономикамен қатар білім мен ғылым саласына қатысты барлық мәселелерді үнемі назарда ұстап, оларға баса мән беріп келеді. Мұның ішінде, әсіресе, 1993 жылы «Жоғары білім туралы», 1999 жылы «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдар қабылдалуы және сол заңдарға байланысты Үкіметтің қаулы-қарарлары өмірге келуі білім саласын дамытуға зор серпін бергенін атап өтуіміз керек.

Жалғасы 3–бетте

ҰЛЫ ДАЛА ҰЛЫҚБЕГІ

Ұлықбек Оразбайұлы ЕСДӘУЛЕТ – 1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген.

Әкесі – ЕСДӘУЛЕТОВ Оразбай (1921-1998), Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері, орта мектептің химик-биологы болған.

Анасы – САЛЫҚБАЕВА Роза Сейітжанқызы (1929 жылы туған), зейнеткер, филолог-тіл маманы.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. М.Горький атындағы Әдебиет институтының поэзия бөлімін Мәскеу қаласында бітірген. Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі. М. Әуезов атындағы Семей университетінің құрметті профессоры.

Ұлықбек ақынның шығармашылықтары: «Қанат қақты», «Жұлдызжарығы», «Аптайдың алтынтамыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жарылыстар», «Алтай асулары», «Заман-ай», «Киіз кітап», «Ахиллестің өкшесі» өлеңдер жинағының



қазақ тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. «Ынтық зар», «Әбілхаят», «Заман-ай» әні сөздерінің авторы.

Ақынның шығармалары шет телдеріне аударылған. Үнді, түрік, фин, африка, алжир, украин, әзірбайжан, қырғыз, абхаз, монғол, және басқа халықтардың ақындарының өлеңдерін сондай-ақ М.Лермонтовтың, А.Блоктың, Д.Кедриннің, Н.Рубцовтың және т.б. бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударған.



ТУРАНАТЫ
НЕГЕ
ЖОЙЫЛҒАН?

5–бет

КӨЗ

6–бет

МАХАББАТ
ФОРМУЛАСЫ

7–бет

МАҚАЛ-
МӘТЕЛДЕРДІҢ
ТӘРБИЕЛІК
МӘНІ

8–бет

ӘН - ҚҰДІРЕТ. ӘН - ӘСЕМДІК. ӘН - СҰЛУЛЫҚ

Сағи ЖИЕНБАЕВ атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Ән – құдірет. Ән – әсемдік. Ән – сұлулық» атты Бәкір Тәжібаевтың 95 жылдығына байланысты әдеби сазды кеш онлайн форматта өтті. Әлеуметтік желіде ақынның өмір жолы, шығармашылығы айтылып, әнінен шашу шашылды.

Бәкір Төлеуұлы Тәжібаев 1926 жылы Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. Ақын, драматург, әнші, сазгер Алматыда көркем сурет училищесін бітірген.

Жамбыл, Шымкент облысы драма театрларында актер қызметінде болды. 1958 - 1974 жылы Қазақ опера және балет театрында бөлім меңгерушісі, Алматы облысы халық шығармашылығы үйінің директоры, Қазақ театр қоғамында кеңесші-әдіскер болып жұмыс жасады.

Алғашқы шығармалары 1956 жылы жарияланған. «Қара торғай» тұңғыш жинағына новеллалары енген. «Сал сері-Қыз қосан», «Ана жүрегі, «Қарағөз қарындасым», «Ақтау әні» пьесалары республикалық, облыстық театрлар сахналарында қойылды.

Бәкір Төлеуұлы Тәжібаев -Жамар сұлу» операсы либреттосының, 150-дей әннің авторы. Бірқатар әндері («Жас дәурен», «Ақбұлақ», «Әппағым-ау, әппағым»,

«Гүлсің-ау», т.б.) Қытай, Моңғолия, Түркия, Ауғанстан, Иран, т.б. елдерде тұратын қазақтар арасында кең тараған.

Бәкір Төлеуұлы Тәжібаевтың орындауында көптеген өз әндері күйтабаққа жазылды. Онлайн шара барысында шығармашылық академиясының қызметкері әнші Құлманова Нұрзат ақын әндерін домбырамен нақышына келтіріп орындады. Ырғыз кітапханасының қызметкері Тұрар Жаңылсын тікелей эфирге көрерменнің жүрегіне жеткізіп поэзия оқыды. Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлеріне жұмыста сәттілік тіледі.

Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханашысы Айдынғали Малика Бәкір Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстырды. Ақынның өлең шумақтарын талқылады, 150-ге жуық әндерін зерделеп көрсетті. Сонымен қатар ақын кітаптарынан құралған «Ән құдіреті» көрмесімен таныстырды.

Гүлнара МӘЛІК,
Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.



«БІЛГЕНГЕ МАРЖАН» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Қазақстан Респуликасының Президенті Қасым-жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВТЫҢ «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласына орай, Ұлы Абайдың 175 жыл толу құрметіне тойға тарту ретінде «Білгенге маржан» кітабы жарыққа шықты.

«Білгенге маржан» - ұлы ақынның өз сөзі. Осыған дейінгі журналдарда үнемі жарық көріп келе жатқан айдардың аты. Журналдың мақсатын, бағытын Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ «Журнал» туралы мақаласында айқын көрсетіп берді. «Абай» журналын шығарушылар - кемеңгер жазушылар Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ пен Мұхтар



ӘУЕЗОВ мақаланың соңында – «Екеу» деп қол қойып отырған екен.

«Білгенге маржан» жинағына республикалық «Абай» журналының 1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған 1992-2020 жылдар аралығында жарық көрген абайтанушылардың мақалалары қамтылған.

«Қазақ елінің, нар тұлғалары негізін қалаған, ғасырлық тарихы бар халықтық басылымның мәңгілік болуын тілейміз. Абайдың кемеңгерлігін насихаттап әр жүректің түбіне терең бойлағандарыңызды қалаймын», - деп Облыс әкімі Даниял Кенжетайұлы Ахметов та жинаққа жан - жақты талдау жасап, жылы лебізін білдірген.

Қазақстан Жазушылар одағы Семей филиалы мен Абай атындағы кітапхананың ұйымдастыруымен ақын, «Абай» журналының бас редакторы Мұратбек Оспановтың құрастыруымен ұлы Абайдың мерейтойына тарту ретінде дайындалған жинақтың таныстырылымына зиялы қауым өкілдері мен әдебиетке құштар кітапхана оқырмандары қатысуымен республикалық «Абай» журналының кітапханасы сериясымен жарық көрген «Білгенге маржан» кітабының таныстырылымы өтті.

Шара барысында ғалым, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, профессор Арап Еспенбетов қазақ әдебиетіне жан берген Абайдың ойшылдық даналығын көрсету мақсатында жарық көрген жинақ абай тану ғылымының маржайғандығының белгісі деген бағасын берді. Егер осы жинақтың кейінгі томдарын жарыққа шығару жалғасын тауып жатса Абайдың ақындық кітапханасын



терең зертеген абайтанушылардың мақалалары, Абайдың шығармалары жайлы шетелдегі құнды еңбектері еңсе деп тілегін білдіріп жатса, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің С.Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, профессор Марат Бекбосынов, Шәкәрім атындағы университеттің филология факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент Айбар Қадыров та бұл жинақты құрастырып, баспаға дайындаған Мұратбек Оспановқа ықыластарын білдіріп, жинақтың жалғасының жарық көруін тілеп, онда абайтануға қатысты жарияланбаған құнды мақалалар жарияланса, елімізде «Абай» журналын арнайы ғылыми басылымдар қатарына қосса деген ұсыныстарын да білдіріп жатты.

Жинақты құрастырған ақын, «Абай» журналының



бас редакторы Мұратбек Оспанов бұл еңбектің ендігі төрелігі сіздердің еншілеріңізде, құрметті оқырман деп, ауқымды шараны ұйымдастырып отырған Абай атындағы кітапхана ұжымына, зиялы қауым өкілдері мен тыңдаушыларға алғысын білдірді.

Сонымен, «Білгенге маржан» кітабы қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге ерекше үлес қосатын және абайтану ғылымына рух берер үлкен жинақтардың бірі болары сөзсіз.

Айман МАЙКЕНОВА,
Абай атындағы кітапхана қызметкері.
Семей қаласы



КІТАП ОҚУ – БИІККЕ САМҒАР ЖОЛ

Әр кітап бір-бір тәжірибелі ұстазға, адамның ақыл қалтасына ұқсайды. Негізі, кітап оқу-өмірде қателікке бой алдырмау үшін басқалардың тәжірибесімен танысу дегенді де білдіреді. Адамға таптырмайтын бірден-бір пайдалы дос-кітап. Ешкімнің мазасын алмайтын, керек кезде жаныңмен табылатын, қиналғанда ақылшы болатын, үйреткен ақылына ақы сұрмайтын, жан сарайыңды серпілтетін, көңіліңе шабыт қондыратын, өзі үн қатпаса да, өзінің ішкі әлемімен елітетін, дұрыс таңдау жасауға жол сілтейтін, әрі адамды жалықтырмайтын серік деуге де болады. Білімділікке де баулитын – кітап.

Білімді жанға қашанда жол ашық. Ендеше кітап оқу мәртебесін, оқу белсенділігін арттыру және оқу сапасын жақсарту, балалар мен жасөспірімдердің мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ өскелең ұрпақтың бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру мақсатында 30 наурыз 2021 жылы Хамза Есенжанов атындағы Батыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында кітапхананың 60жылдық мерейтойына, еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Балалар және жасөспірімдер оқуын қолдау жылына орайластырылған «Кітап оқу – биікке самғар жол» тақырыбында халықаралық ZOOM конференция ұйымдастырылды. Халықаралық конференцияға жақын және алыс шетелдердегі әріптестер, балалар әдебиеті саласындағы жетекші мамандар, балалар оқуы мәселелерімен айналысатын педагогтар, кәсіби іс-тәжірибелермен бөлісетін кітапхана мамандары, мемлекеттік емес ұйымдар шақырылды

Конференцияны өткізу қарсаңында Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының және облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық кітапханалардың базасында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі мен мәдениет пен руханият құндылықтарын қоғамда ілгерілетуге бағытталған “Парасат жолы” сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жобасының іске қосылуына байланысты “Парасат жолы” филиалдары ашылды, сонымен қатар жазушы Хамза Есенжановтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау бағытында жазушының шығармалары мен жәдігерлері жинақталған “Хамзатану” орталығы ашылды.

Конференциясының ашылу салтанатында ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының директоры Мұңалбаева Үмітхан Дәуренбекқызы, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Дина Әнесқызы Есенжан, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Оспанова Бақытжамал Қайырбекқызы кітапхана ұжымын мерейтоймен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

«Кітапханадағы кітап оқу: дәстүр және жаңашылдық синтезі» тақырыбымен конференциясының 1 бөлімінде

сөз алған С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры Калдина Гүлжайнар Нәренқызы және Н.Байғанин атындағы Ақтөбе облыстық балалар кітапханасының директоры Хакимова Сұлуаш Максимқызы кітапханада жүзеге асырылып отырған жаңа жобалары мен жаңа бағыттағы жұмыстары жайында баяндады.

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының әдіскері Ибраимова Риза балалар әдебиетін насихаттау бағытында атқарылған онлайн және офлайн шаралар, көлеңке театры мен жаңа бағдарламалар, жаңадан ашылған айдарлар бойынша атқарылған жұмыстар тәжірибесімен бөлісті. Бұлардан өзге мамандар да «Балалар кітапханалары – Интернеттегі қызықты кеңістік» «Қазіргі балалар кітапханасы – қауіпсіз балалық шақтың аумағы» т.б тақырыпта баяндамалар жасады.

«Кітапханалық қарым-қатынас – кітап оқу сапасын арттыру» тақырыбымен өткен конференцияның 2 бөлімінде Б. Шаховский атындағы Астрахань жастар кітапханасының бас кітапханашысы Опанюк Петр Сергеевич ««Оян, кітапханашы!! Бейнеконтент кітапханалық имидждің бір бөлігі ретінде» тақырыбындағы баяндамасында әлеуметтік желіні бағындырудағы кітапханашыларға қажетті тәжірибесімен бөлісті. Орынбор облыстық полиэтикалық балалар кітапханасының кіші жастағы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің бас кітапханашысы Михайлова Екатерина Владимировна Орынбор облыстық полиэтикалық балалар кітапханасының әлеуметтік желілер мен Youtube арнасын балаларды кітап оқуға баулу әдісі ретінде қарастырған іс-тәжірибесін сөз етті. Ал, Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының инновациялық-әдістемелік бөлімінің жетекшісі Жүсіпова Сәуле Жаманбаева «Цифрлық дәуірдегі кітап оқу мәселесі: дәстүрлі тәжірибелер, жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында маңызды баяндама жасады. Бұл бөлімде сондай-ақ Самара облыстық жасөспірімдер кітапханасы, А.А. Лиханов атындағы Белгород мемлекеттік балалар кітапханасы, Курск балалар және жасөспірімдер облыстық кітапханасы және Воронеж облыстық балалар кітапханасының мамандары баяндамалар жасады. Халықаралық конференцияда қазіргі қоғамдағы кітапхананың өзекті тақырыптары қарастырылып, кітапханаларда балалар әдебиетін насихаттау,балалар оқуының деңгейін көтеру мәселелері, дәстүрлі отбасылық оқу қажеттіліктері бағытында тақырыптар өрбіді. Кітап оқуға деген көзқарасты қалыптастыру, кітап оқуды беделді, сәнді, қызықты түрде қарастыру, әлеуметтік-мәдени оқу кеңістігін ұйымдастыру, оқуды қолдау және дамыту мәселелері бойынша ақпарат алмасуды үйлестіру және жүйесінің тиімді тетіктерін құру жөнінде ақпараттар айтылды.

Жанаргүл ЖАҢАБЕРГЕНОВА,
Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының әдіскері.
Батыс Қазақстан облысы.
Орал қаласы



БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЕГІЗ

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қабылданған «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы білім саласына да елеулі бетбұрыс әкелді. Мемлекет қамқорлығының арқасында осы жылдары елімізде ондаған жоғары оқу орындары, колледждер, лецейлер, гимназиялар ашылды. Өтпелі кезеңде жойылып кеткен балабақшалар қайтадан қалпына келтірілді. Барлық деңгейдегі оқу орындарын компьютерлермен және басқа да заманауи ақпараттық техникалармен, жаңа зертханалармен жабдықтауға қол жетті. Елбасының тікелей бастамасымен елімізде «Назарбаев зияткерлік мектептері» желісі құрылып, әр аймақта дарынды оқушыларды әр пән бойынша тереңдетіп оқытуға қол жетті. Осы 30 жылда Қазақстанда 1800-ден астам жаңа мектептер, 2 мыңнан артық балабақшалар салынып, пайдалануға берілді. Тіпті кеңестік дәуірде болып көрмеген үрдіс бұл. Әлемдегі ең таңдаулы оқу орындарымен теңдесе алатын «Назарбаев университетінің» дүниеге келуі жоғары білім саласындағы үлкен бетбұрыс болды. Бүгінде бұл университет еліміздегі ең ірі ғылыми білім беру, инновациялық оқу орталығы болып отыр.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен өмірге келген «Болашақ» бағдарламасы арқылы 15 мыңнан астам жастарымыз шет елдердің ең беделді университеттерінде білім алды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жоғары білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті де жан-жақты дамып, жаңа заманға бейімделді. Университетімізге «ұлттық» мәртебесі берілді. Оқу орнымыз 2007 жылы Италияның Болон Университетінің Ұлы хартиясына қол қойды. Дүниежүзінің жүздеген оқу орындары мүше болып отырған әлемдік университеттер қауымдастығына, Еуропа университеттері ассоциациясына мүше болу арқылы Абай атындағы оқу орнының халықаралық аренадағы беделі өсіп, өрісі кеңейе түсті. Біздің университетіміздің базасында Францияның Сорбонна Париж сити университеттер кешенінің әлемдегі – екінші, Орталық Азиядағы бірінші филиалының ашылуы Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени-рухани байланысты нығайта түскен үлкен оқиға болды. Бұл институттың түлектері бүгінде Француз Сорбоннасы мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің дипломдарын қоса алып, халықаралық деңгейдегі мамандар болып шығуда.

Соңғы оншақты жыл көлемінде университетімізде бірқатар түбегейлі өзгерістер болды. Мысалы, бұрынғы жеке факультеттер ірілендіріліп, институттарға айналдырылды, кафедралар да оңтайландырылып, ғылыми әлеуеті арта түсті. Қазір бізде 7 институт пен 39 кафедра жұмыс істейді.

Бүгінгі мақсат – білім берудің сапасын арттыру. Бұл, ең алдымен, оқытушылардың біліктілігін үзбей көтеріп отыруға тікелей байланысты. Сондықтан да университет өзінің әрбір қызметкеріне қолдау көрсетіп, біліктілік арттыру курстарынан өту арқылы кәсіптік шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік туғызып отырады. 2018-2019 оқу жылында оқу орнының 76 қызметкері біліктілік арттыру курстарынан өтті, оның 5-еуі шетелдік, қалған 71-і өз еліміздегі «Өрлеу» ұлттық біліктілік жетілдіру орталығында, Назарбаев зияткерлік мектептері базасында арнаулы курстарда оқыды. «Қысқы мектеп» пен «Жазғы мектепте» 790 тыңдаушы 28 курстан өтті. Олардың 728-і университет профессор-оқытушылары, 33-і университет кітапханасының қызметкерлері, 22-і облыстар мен аудандардың әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен қызметкерлері, 7-і педагогикалық ЖОО-лардың оқытушылары.

Ресеймен әріптестік қызмет аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 108 қызметкері «Педагогикалық қызмет – цифрлы экономика жағдайында» тақырыбында өткен біліктілік жетілдіру курсына қатысты.

Білім берудің сапасына қол жеткізуде оқу-әдістемелік жұмыстарды жаңаша ұйымдастырудың маңызы зор. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жаңа білім бағдарламалары мамандықтардың Ұлттық шеңберіне сәйкес жасалды. 2019 жылы ҚР «Білім туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, академиялық еркіндік форматында 289 жаңа білім беру бағдарламасы, оның ішінде қосымша траекториямен – 82, Double Major және Major – Minor бойынша 27 білім бағдарламасы даярланды. Major – Minor бойынша «Педагогикалық және бастаушы білім беру – Бизнес инновациясы», «Биология – медицинадағы зертханалық зерттеулер», «Психология – Медицина», «Алғашқы әскери дайындық – дене тәрбиесі мен спорт», «Дінтану – саясаттану өнері», «Туризм – экскурсиялық менеджмент», «Информатика – веб дизайн», «Қаржы-фискалдық құқық» білім беру бағдарламалары әзірленді. Әзірленген Major – Minor білім бағдарламалары университет түлектерінің жұмыспен қамтылуына барынша мүмкіндік жасайды, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, оқу орнының халықаралық беделі мен экспорттық әлеуетін көтереді деп ойлаймыз. Minor-дың артықшылығы жұмыс берушілердің қызығушылығын арттырып, құзреттілігін кеңейтеді деп білеміз.

Барлық бағдарлама инклюзияның педагогикалық дағдыларын дамытуға, критериялдық бағалауды, арт-білім беруді, тереңдетілген тіл дайындығын, сыни ойлау машығын, ұлттық тәрбиені жетілдіруді мақсат тұтқан перспективалық құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған пәндерді қамтиды. Білім бағдарламаларына «Рухани жаңғыру» «Артібілімберу», «Ұлттық тәрбие технологиясы», «Түрік-латын қаріпінің негіздері» сияқты қоғамдық пәндер қосылып отыр. Шағын жинақты мектептер үшін педагог кадрларын даярлау мәселесін шешу үшін жаратылыстану-математикалық цикл мен гуманитарлық пәндер бойынша Double Major – Minor принципі бойынша оқу бағдарламалары жасалды. «Посдипломдық педагогикалық білім» бойынша педагогтарды қайта даярлау бағдарламасы әзірленді.

Маман даярлаудың барлық бағыты бойынша 5008 пәндік оқу-әдістемелік кешені жасалды. Бұл кешенге силабустар, дәрістердің семинарлардың, зертханалық жұмыстардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, лекциялар тезисі, тапсырмалар, ұсынылған

әдебиеттердің тізбесі, мониторинг пен білім сапасын тексеруге арналған материалдар, глоссарийлер кіреді. Оқу бағдарламаларын даярлауға жұмыс берушілер де қатыстырылады.

Бітіруші курстар үшін үздіксіз педагогикалық практиканың (дуальді оқытудың) 15 кредит көлемінде жаңа түрі енгізілді. Бұл студент аптасына 4 күн мектепте практикада болып, 2 күн теориялық білім алумен айналысады деген сөз. Осының нәтижесінде өткен оқу жылында 108 бітірушіміз өздері практикада болған мектептерде жұмыста қалды. Үстіміздегі жаңа оқу жылында бұл дәстүр жалғасын тауып, 2- курс студенттері аптасына 5 күн оқып, бір күн практикадан өтуде. Ал бітіретін курстар жыл бойы практикалық жұмыспен тиянақты айналысады. Мұның өзі болашақ мамандардың педагогтік қабілетін ашуға, біліктілігі мен тәжірибесін молайтуға мүмкіндік жасайтыны сөзсіз.

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың бірден-бір жолы оқу үдерісіне халықаралық практикада қолданылып жүрген инновациялық технологияларды, тәжірибелерді енгізу болып табылады. Осыған байланысты университетте студенттерді электрондық оқыту құралдарына – электрондық оқулықтарға, оқу бағдарламаларына негізделген интерактивті және инновациялық технологиялар бойынша оқытуға ерекше назар аударылуда. Біз зертханаларымыз бен дәрісханаларымызды жаңа оқу жабдықтарымен, электронды плакаттармен және компьютерлік бағдарла-



малармен толықтыруға ерекше көңіл бөлеміз және ақпараттық порталды үнемі жаңартып тұрамыз. Студенттердің цифрлық дағдысын қалыптастыруда ағылшын тілінде оқытылатын «Ақпараттық және коммуникациялық цикл», «Білім берудегі цифрлық технология», «Қашықтан білім беру технологиясы» пәндері маңызды рөл атқарады.

Қашықтан білім беру 61 оқу бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. Оның 29-ы педагогикалық мамандықтарға арналған. Оқытудың бұл түрі Moodle платформасы бойынша ұйымдастырылады. Биылғы әлемдік індетке байланысты университеттегі барлық білім беру жүйесі қашықтан оқытуға көшірілді. Бейнеконференциялар мен вебинарлар Zoom, Google Meet, Microsoft Feams, G-suit, Microsoftb Classroom, Scyre сияқты сервистердің көмегімен өткізілді. Сессиялар мен қорытынды аттестацияларды синхронды және асинхронды прокторинг қолдану арқылы цифрлы форматта өткіздік. Емтихандарды академиялық тұрғыдан адал өткізу үшін «Цифрлы этикет» жасалып, электрондық-цифрлы қолтаңба QR енгізіп, цифрлық воленторлар қозғалысын ұйымдастырдық.

Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен серіктесе отырып оқу орнымызда Педагогикалық STEM-парк ашуға қол жеткіздік. Соның арқасында оқу үдерісіне информатика, электротехника, радиоэлектроника және робототехника бойынша білім бағдарламасы енгізілді. «Білім беру мехатроникасы мен робототехника» курсына арналған оқу-әдістемелік кешені әзірленді. STEM-парктың көмегімен жоғары коммерциализациялық әлеуеті бар ғылыми жобалар жүзеге асырылып, мектеп оқушылары мен студенттердің робототехника, мехатроника және техникалық творчествоның басқа да түрлері бойынша олимпиадалар өткізілді. STEM-парктың базасында электронды оқыту платформасының орталығы ашылды. Оқу үдерісінде бір жүйеге біріктірілген компьютерлік сыныптар, интерактивті тақталар, проекторлар, мультимедиялық сыныптар, мемлекеттік және шет тлдерін оқыту кезінде пайдаланылатын лингафондық кабинеттер қолданылады.

Оқу үдерісі кезінде білім сапасын арттыру үшін проблемалық-бағдарламалық оқыту, дифференциалды-деңгейлік оқыту, студенттердің білім деңгейін анықтайтын критериялды бағалау технологиясы, ойын технологиясы, командалық топтық оқыту, цифрлы технология сияқты ондаған жаңа әдістер кеңінен пайдаланылуда.

Университетте оқу үдерісі оқу жұмыс жоспары, білім бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Академиялық адальдық кодексі студенттердің де, оқытушылардың да еңбегін әділ бағалауға мүмкіндік береді. Оқу орнында бірнеше мамандық бойынша көптілді білім беретін 11 топ жұмыс жасайды.

Университеттің көпқырлы жұмысының бір қыры білім беруді интернационализациялау, шетелдік әріптес оқу орындарымен бірлесе отырып бәсекеге қабілетті қос дипломды мамандар даярлау. Бүгінде 12 қос дипломды бағдарлама бойынша (оның 4-і бакалавриатта, 8-і магистратурада) дайындық жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетімен «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша, Польшадағы Помор академиясын

ағылшынша оқытатын орыс филологиясы бойынша, ИНАЛКО, Пуатье, Лотарингин, Страсбург (Франция) университеттерімен «Экономика», «Халықаралық құқық», «Халықаралық қатынас», «Маркетинг» және т.б. мамандықтар бойынша қос дипломды білім беру жүзеге асырылуда. Қазірге дейін 72 түлек осы бағдарлама аясында білім алып, екі мемлекеттің дипломдарын алып шықты.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары университет қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Абай университетінде педагогика, филология, тарих, филология, әлеуметтік және физика-математикалық, жаратылыстану ғылымдары бойынша ғылыми мектептер қалыптасқан. 2019-2020 жылдары Білім және ғылым Министрлігінің мемлекеттік тапсырысы және университетішілік гранттар бойынша «Мәңгілік Елдің» ғылыми негіздері – ХХІ ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер, жаратылыстану саласындағы ғылыми зерттеулер, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, ақпараттық телекоммуникациялық және ғарыштық технология, энергетика және машина жасау жөнінде ғылыми жобалар жүзеге асырылды.

«Білім мен тәрбие – егіз» дегендей, бүгінгі білім беру саласында қол жеткен жетістіктеріміздің бәрі жүйелі жүргізіліп отырған тәрбие жұмысының жемісі деп білемін. Ең алдымен айтарым, университеттегі бүкіл тәрбие жұмысы Хакім Абайдың «толық адам» іліміне



негізделіп отыр. Оның мақсаты студент – жастарды жан-жақты білімді, тәрбиелі, жоғары адамгершілік иесі, мейірімді, қайырымды, ізгілікті етіп тәрбиелеу арқылы толыққанды азаматтарды қалыптастыруға саяды. Ал «толық адам» болудың бірден бір қайнар көзі – білім, ғылым және өнегелі тәрбие. Сондықтан ұлы Абай жастарды уақытты оздырмай дер кезінде білім алуға, ел игілігі үшін ғылымды игеруге шақырады.

«Біліміден шыққан сөз, Талаптыңа келсін кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегіңде болсын көз»...

«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге»...

«Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз»... – деген Абай өсиеттерінің күні бүгінге дейін маңызы зор. Ол өзінің терең ойлы «Қара сөздерінде» де білім мен ғылымның өмірдегі мәні мен мақсаты туралы ой тербейді. «Ғылымды үйренгенде ақиқатты білу мақсатымен үйрену керек, білімді біреумен керісіп, біреуді күндеу үшін пайдаланба. Білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да солай білсем екен деп үміттен... Адамның білім – ғылымды көбейтуге екі қаруы бар, бірінші – ойласу, пікір алысу, екінші – барлық күшті жұмсау, алған білімін сақтау, қорғау» (32-сөз), – деген Абай ұлағаты тағы да жан-жақты білімді «толық адам» тәрбиелеуді меңзейді. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «интеллектуалды ұлт қалыптастыру» идеясы да Абайдың осы ілімімен астасып жатыр. Олай болса, бүгінгі күні де «толық адам» ілімінің маңызы арта түсуде деп түсінуіміз керек. Міне, осыған байланысты университетімізде бүкіл оқу-тәрбие үдерісі Абай іліміне негізделіп отырғаны беркер емес.

Қазіргі әрбір жас данышпан Абайдың өсиеттеріне тұшынып, одан ғибрат алуға тиіс. Мектеп бағдарламасынан тыс Хакімнің басқа да өлеңдерін, қара сөздерін оқып үйренбей одан ғибрат алу мүмкін емес. Сондықтан оқу орнымызда «Абайтану» (қазіргі «Хакім Абай»)ғылыми - зерттеу орталығын ашып, зерттеулер жүргізіп, «Абайтану» оқулығын шығарып, бұл пәнді барлық мамандықтар бойынша оқытып жатсақ – бұл жастарға Абай әлеміне терең бойлауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Оның үстіне тәрбие департаменті студенттердің күнделікті пайдалануы үшін «Абай айтады»... деп аталатын қалта кітапша шығарып, тегін таратып отыр, бұл кітапша ұлы ойшылдың ең құнарлы ойларын жастарға ойып тұрып ұсынумен қымбат. Жыл сайын Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп оқудан, жаттап айтудан, әндерін орындаудан «Абай әлемі» фестивалін өткізіп отыруды игі дәстүрге айналдырсақ, бұл да студенттердің дүниетанымын кеңейтуге айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз.

2020 жылғы дүниежүзіне таралған пандемияға байланысты жарияланған карантиндік шектеулерге қарамастан, біз онлайн режимінде Абай Құнанбай-

ұлының 175 жылдық мерейтойына байланысты 300-ден астам іс-шара өткіздік. Соның ішінде Ресей, Қытай, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің бізбен әріптес педагогикалық жоғары оқу орындарымен бірлесіп өткізген онлайн түріндегі «Абайды әлем таниды» вебинарымыз ерекше маңызды болды. Және де осы тақырыпта Абай күніне арналған онлайн - дөңгелек үстел де студенттердің есінде ұзақ сақталмақ. Дөңгелек үстелді университетіміздің ректоры Такир Оспанұлы Балықбаев ашты. Мәскеу педагогикалық университетінің ректоры Алексей Владимирович Лубков құттықтау сөз сөйледі.

Жиыңға қатысқан Ханой ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Тран Дих Лам (Вьетнам), Баку мемлекеттік университетінің профессоры Фатима Дурсунова (Әзербайжан), Фират университетінің профессоры Эржан Алкая (Түркия), Қырғыз білім академиясының мемлекеттік тіл зертханасының директоры Сүлеймен Рысбаев, Помор академиясындағы Абай орталығының үйлестірушісі Максим Пономаренко (Польша) және басқалар ұлы Абайдың әлемдік руханияттағы рөлі туралы терең мағыналы ой-пікірлерімен бөлісті.

Университетіміздің Тәрбие ісі жөніндегі комитеті жастарды тұлғалық қасиеттерге тәрбиелеуді басты мақсат етіп отыр. Өйткені Тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі иелері – тұлғалы перзенттері болуға тиіс. Ал ел тарихында тұлғалардың қалдырған ізі терең. Сақ заманындағы Тұмар ханшайым, байырғы түркілер дәуірінің қолбасшылары Күлтегін мен Тоныкөк, Қазақ хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек, еліміз бен жерімізді жатжерлік басқыншылардан сақтап қалған Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Наурызбай батырлар сияқты ұлы тұлғалардың есімі халықтың жүрегінде мәңгілік сақталған. Одан бергі замандарға көз салсақ, өткен ғасырдағы ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, түгел Түркістан идеясын жүзеге асыру үшін жан қиған Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов сынды алыптар шоғыры тұр. Одан бері де елім деп еміренген мемлекет және қоғам қайраткерлері тарих сахнасына шықты. Ұлы Отан соғысының Батырлары Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдулин, Талғат Бигелдиов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова кез-келген заманның ұрпақтарына өнеге етуге лайық тұлғалар. Кешегі Дінмұхамет Қонаев, Асанбай Асқаров, Бәйкен Әшімов және т.б. мемлекет қайраткерлерінің өмірі мен қызмет жолы да бүгінгі жастарға көп тағлым болары сөзсіз. Әдебиет, мәдениет, білім, ғылым саласында қажырлы еңбек етіп, тұлғалық дәрежеге көтерілген қайраткерлеріміздің әрқайсы жастарымызға үлгі етуге тұрарлық.

Шын мәнінде тұлғасыз – халық жетім, туған халқынан қол үзген тұлға – тұл. Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» тақырыбындағы еңбегінде: «Ұлы Дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз - Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - деп жазды. Елбасымыз ұлт мақтаншына айналған біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымызды, данағөй билеріміз бен жырауларымызды дәріптеуді отандық ғылымның маңызды міндеті деп санайды.

Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» тақырыбындағы мақалаларында қойылған міндеттерді орындау мақсатымен университетіміздегі «Ұлы Дала тұлғалары» орталығының жұмысы жаңаша ұйымдастырылуда . Осы орталық пен жастар ісі және тәрбие департаменті бірлесіп студент-жастармен жеке-жеке тұлғалар туралы ашық дәрістер өткізіп келеді. Соңғы бір-екі жыл көлемінде «Ұлы Дала тұлғалары» орталығы мен жастар ісі және тәрбие департаментінің қызметкерлері студенттерге арнап Алаш зиялылары Ә.Бөкейханұлы, М.Дулатұлы, А.Байтұрсынұлы, көрнекті мемлекет қайраткерлері Т.Рысқұлов, Ұ.Құлымбетов, Д.Қонаев, Н.Назарбаев, Б.Рамазанова туралы танымдық дәрістер өткізіп , «Ұлы Дала тұлғалары» сериясымен 5 кітап шығарды.

Университеттегі тәрбие жұмысы «Тәрбие жұмысының» тұжырымдама- сы бойынша жүзеге асырылуда.

Студенттердің шығармашылығын дамыту, талант көздерін ашу үшін Оразалы Досбоосынов атындағы жас ақындар орталығы, SMART-students музыка орталығы ашылды. Университетте денешынықтыру мен спортқа ерекше ден қойылып отыр. Стадионымыз, спорт залдарымыз заманауи талаптарға сай жабдықталған. Ай сайын «денсаулық күнін» өткізіп тұруды дәстүрге айналдырған едік, қазірге карантиндік шектеулерге байланысты бұл шараларды азайтып отырмыз.

Университеттің тәрбие жұмысында студенттерді қайырымдылыққа тәрбиелейтін акциялар, іс-шаралар кеңінен қамтылып, Елбасының «Мәңгілік Ел » патриоттық идеясы негізінде студент-жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе Ұлттық тәрбие пәнін оқу үрдісіне енгізу арқылы білім алушылардың ұлттық ерекшеліктерімізге деген қызығушылығы мен білім - білігін арттыруға қол жетуде.

Жаз маусымында студенттері уақытша жұмыспен қамту және олардың демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатымен бізде «Студенттік құрылыс жасағы» мен «Жасыл Ел» еңбек жасағы құрылған. Өткен жазда олардың құрамындағы студенттер жатақханаларды, оқу ғимараттарын жөндеуге қатысып, саяжайларға мыңдаған түп ағаштар екті.

Бізге студенттер қатарына қабылдау, бітірушілерге диплом тапсыру, әртүрлі мерекелер салтанатты жағдайда атап өтіледі. Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз білім білім болып жарытпайды» деген ұлағатты сөзін ескере отырып біз білім беру үдерісінде тәрбие жұмыстарын үнемі бірінші кезекке қойып отырамыз.

Жанатбек ІШПЕКБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
Тәрбие және әлеуметтік даму
жөніндегі проректоры, профессор

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ӘЙГІЛІ ПЕРЗЕНТТЕРІ

Бүгін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде ағымдағы жылы мерейтойлары аталып өтіп жатқан қазақ тарихы мен мәдениетінде өзіндік өшпес із қалдырған тұлғаларға арнап «Ұлы Даланың әйгілі перзенттері» атты мерейтойлық көрме ашылды.

Қай халықтың болса да тарихы оның тағдырында айшықты із қалдырған азаматтарымен тығыз байланысты. Әр адам өз дәуірінің жемісі деп сондықтан айтылса керек. Әйтсе де, кез келген тарихи тұлғаның өз үлесі, бәрінен бұрын, туған халқы мен Отан тағдырына деген ұлтжандылығымен өлшенсе керек.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған «Ұлы Даланың әйгілі перзенттері» көрмесі қазақ халқының көрнекті перзенттерінің өмір жолын баян етіп, тағдыр-талайы, тілегі бір есімдер тобын бір арнаға тоғыстырады. Қазақ тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар жеткілікті, саңлақтар қатары сан жеткісіз. Алайда, бұл көрмеге қазақтың тарихы мен мол мұралы төл мәдениетінде өшпес таңба, өнегелі із қалдырған толымды тұлғалардың бірқатары ғана алынып отырғанын ескертіп өткен жөн.

Аталмыш көрменің мақсаты – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы жылдар бойы



Қазақ оркестр өнерінің өркен жаюына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың бірі де бірегейі. Композитор, педагог, ҚазССР халық әртісі, КСРО Композиторлар одағының мүшесі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ халық музыкасын жинаушы Латиф Хамиди 50-ден аса ән мен романс, драмалық спектакльдер мен кинофильмдерге музыка жазған. Оның есімі Қазақстанның музыка мәдениеті тарихында қазақ халық музыкасын жинаушы, композитор, музыкантанулық басылымдардың авторы ретінде қалды.

Қасым Аманжолов қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, дарынды ақын. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ол өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандардың сүйіспеншілігіне ие болған біртуар дарын.

Өзбекәлі Жәнібеков – мемлекет қайраткері, этнограф. Ол атқарған маңызды істің бірі – Ұлыстың ұлы күні «Наурыз мерекесінің» қайта жаңғыруы еді. Сонымен қатар ол Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты. Ө. Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына өлшеусіз үлес қосты. Сонымен қатар тарихи-мәдени мұраларды түгендеу, зерттеу, қалпына



келтіру жұмысына да бейжай қарамады. Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық музейлер ашылды, түрлі фольклорлық өнер ансамбльдері ұйымдастырылды.

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ӘЙГІЛІ ПЕРЗЕНТТЕРІ» көрмесіне мерейтой иелерінің өздеріне тиесілі жеке заттары, олардың өмірі мен шығармашылығына қатысты бірегей фото-құжаттар, хаттар, еңбектері мен марапаттары, сондай-ақ, бейнелеу өнері туындылары мен иллюстрациялар қойылды. Сонымен қатар, Жамбыл Жабаевтың өмірден өткеннен кейінгі бет-пішінінің гипстен құйылған бедері, Қажымұқан Мұңайтпасовтың тымағы келушілер назарын ерекше аударды.

«Ұлы Даланың әйгілі перзенттері» көрмесі Қазақстанның қаржы нарығында өмірді сақтандыру қызметін ұсынатын ірі компания «Nomad Life» АҚ қолдауымен ұйымдастырылып отыр. Көрме 2021 жылдың 21 желтоқсанына дейін жалғасады.

Үміт ӘШІМОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің бас қор сақтаушысы



жинақталған сан алуан материалдар негізінде көрнекті тұлғалар, олардың өнегелі өмірі және шығармашылық қызметтерімен таныстыру әрі оларды дәріптеу болып отыр.

«Ұлы Даланың әйгілі перзенттері» көрмесі – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық, күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдық, сахнаның серкесі Серәлі (Серке) Қожамқұловтың 125 жылдық, әнші, композитор Манарбек Ержановтың 120 жылдық, композитор Латиф Хамидидің 115 жылдық, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдық және мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібековтың 90 жылдық мерейтойларына арналады.

Биылғы жылы Қазақстан халқы өткір тілді, суырып салма ақын, айтыскер Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығын кең ауқымда атап өтуде. «XX ғасырдың Гомері» атанған Жамбылдың ақындық атағын шығарған айтыс болды. Айтыс өнеріне тн барлық т сілдерді ұтымды рі шебер пайдаланған ақын сөзден ұтылмаған. Жамбылдың шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл Жабаев Ленин ордені, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған.

Қазақ тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан Мұқан (азан шықырып қойған есімі) Мұңайтпасов – күрестің бірнеше түрін меңгерген әлем чемпионы. Биылғы жылы туғанына 150 жыл толып отырған орасан күштің иесі әлемнің бірнеше елінде болып, 48 медаль олжалаған. Мұндай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазаққа ғана болған.

Театр және кино актері, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақстанның халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Серәлі (Серке) Қожамқұловтың туғанына 125 жыл толып отыр. Тумысынан талантты, жан-жақты дарын иесі театр сахнасымен қатар, 22 кинофильмге түскен. Оның бұл еңбегі жоғары бағаланып, ҚазССР Халық әртісі атағын алып, «Құрмет белгісі», Ленин ордендерімен марапатталған. 1952 жылы Мухтар Әуезовтың «Абайындағы» Майбасар рөлі үшін үшінші дәрежелі Сталин сыйлығының лауреаты атанған.

Манарбек Ержанов – әнші, композитор, күйші әрі актер, Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Композиторлар одағының ең алғашқы мүшелерінің бірі. Ол қазақ музыка өнеріндегі шоқтығы биік 150-ден астам шығарманың авторы.

Биылғы жылы туғанына 115 жыл толып отырған Латиф Хамиди қазақ даласында туылмаса да оның өмірі мен шығармашылығы Қазақстанмен біте қайнасақ.



“Ертегі уатпай ма баланы да, Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да. Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған, Еркімен өзі - ақ отқа барады да... Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын, Күрсініп көзіне жас алады да. Ақында адамзаттан дос болмайды, Жалғыз-ақ сырын айтар қаламына...”

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

ӨРЕЛІ АҚЫН

Сәбит Бексейіт журналистік және шығармашылық қызметпен шұғылданып келе жатқан, киелі өнер ордасына ешкімге ұқсамас өз “Менімен” енген ақын. Осы уақытқа дейін оның қаламынан “Ғасырқешу”, “Күннің шалқуы”, “Келешек керемет”, “Ел үмітін ер ақтар”, “Құт қонған Қарағанды”, “Ғасырластарым”, “Рамазан мерген және оның әулеті”, “Астана уақыты”, “Назым-насыр” атты тоғыз жыр кітабы туыпты. Ақынның орыс тілінде жарық көрген өлеңдері мен аудармалары бір төбе. А.Плещевтің, А.Вознесенскийдің, Э.Межелайтстің, Ю.Марцинкявичтің біраз өлеңдерін ана тілімізге аударса, қазақ ақыны Ү.Есдәулеттің бір топ өлеңдерін орыс тіліне аударды. Сонымен бірге ақын - Жер планетасындағы әр оқиға, құбылысты жұдырықтай жүрегінің елегінен өткізіп, таразылау дәрежесіне көтерілген ақын. Асқан білімдар, оқымысты, биік мәдениеттің ақыны - деп өте жоғары бағалаған “Жауһар жырлы ойшыл ақын” деген мақаласында, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Мауен Хамзин.

...Селт етпестен сатты олар Тіл мен ділді, зообаққа сатқандай піл мен зілді. Әттен, қолы қысқалау, көңілшек деп сатар еді көктегі күлген Күнді.

Сатқан кеше сынақтар полигонын, ойламастан ағайын көші-қонын. Зар илеген қалың ел отыр бүгін, болжай алмай ертеңін, оңы-солын...

- Сендердікі осы не жүз, һәм не ру? деп тұрғандай Джавахарлал Неру. - Береке жоқ не жүзде, не руда, деп тұрғандай ақын Павло Неруда. Бұл жерде Сәбит ақын сөз ойнату арқылы ел бірлігі идеясын қозғап отыр. Сендерге бірдім, ала ғой мә, мансабыңды, қалдырсаң болды қолыңда қаласамбыды.

Мен - еркін құспын, тәрк етеп балақбауыңды, Бақиға ұшып кетейін, Ғалам сағыңды...

Қазақстан Жазушылар одағының басқармасы мен Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының әкімшілігі бірлесіп өткізген Қазақ әдебиетінің классигі Сәкен Сейфуллиннің 115 жылдығы және Жаңаарқа ауданының 80 жылдығы құрметіне арналған жазба ақындардың Республикалық “ Сәкен туған Жаңаарқа” атты жыр мұшайрасында арнаулы жүлде алған. Поэзия әлемі ерекше оқшау өзінің асқақ сана сезімімен көз ұшындағы қияда тұрған, әрі сиқырлы, әрі жұмбақ дүние. Сәбит сонау жетпісінші жылдардан республикалық “Жалын”, “Жұлдыз”, “Қазақ әдебиеті” сияқты басылымдарда өз өлеңдерімен жарқ етіп көрінген, кемелденген ақын - деп бағалаған, философия ғылымдарының докторы, профессор, Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Төлеуғазы Әбжанов.


Сәбит туралы, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Рәшит Кәренов былай деп бағалады, ақын қай тақырыпқа қалам тербесе де, өзіңше көрінуді, өзіңше байлам жасап, тыңнан теңеу табуды, ой қорытындылауды ақындық мұрат деп білді. Ақын айналасынан әдемі өмір іздейді, тәтті сөз тартады. Ойға сезім сұлулығы қосылады, ардың тазалығындай таза болу араласады. Соның жемісінде парасатты поэзия пайда болады. Ақын лирикаларының бойындағы өзіне тән сейсмикалық сілкініс сенің де өн бойыңды дүр сілкінтіп, жүрегіңе мазмұнды ой салып, ішкі әлеміңді тебірентіп кетеді. Дүниені бар жанымен сүйетін, сәл нәрсеге қуанып, сәл нәрседен секем алатын, оның өлең, поэмалары кәзіргі дәуірдегі қазақ поэзиясының өзіндік орны бар,

Жаңашыл жандардың өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Оқырмандармен жұмыс жасау барысында тығыз қарым-қатынас орнатуға көп септігін тигізіп жүрген,тіліміздің жанашырына айналған «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»журналы туралы көпшілікке айта кетуді жөн көрдім.

Білім, мәдениет саласындағы яғни, мұғалім, кітапханашы мамандарын қолдап, олардың үздік іс-тәжірибесін тарату және насихаттау – Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының ұзақ жылдан бергі басты шараларының бірі.Өзіндік бағыт-бағдары айқындалған «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналы 2014 жылдан бастап жарық көруде. Басылымның атауы айтып тұрғандай, басты мақсаты- қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіру және тіл оқытушыларына, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету. Сондай-ақ Ақтөбе облысында мемлекеттік тіл саясатын дамыту бағытында атқарылып жатқан іс-шаралардан ақпарат беру, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау құрал ретінде қызмет ету.

Журнал алғаш жарық көрген кезден бастап, тіл саласына қатысты басым бағыттарды негізге алып келеді. Сондықтан да журналдың дәстүрлі айдарлары жылдар бойы өз жалғасын табуда, олар: «Тілтаным», «Рухани жаңғыру», «Тіл үйрету әдістемесі», «Үздік сабақ», «Тәрбиеші жазбалары». Тілдерді оқытудың үздік әдістемелік қоржыны саналатын «Үздік сабақ» тіл оқытушыларына, «Тәрбиеші жазбалары» балабақша тәрбиешілеріне арналған. Бұл айдарлар арқылы жаңашыл педагог өзінің озық іс-тәжірибесін жинақтап, оны сабақ әзірлемесі, шара сценарийі, баяндама ретінде жариялай алады. Журналда жарияланым-тегін. Үздік іс-тәжірибесінің әдістемелік салмағынан бөлек, баспа талабы (2 беттен аспайтын) да қатан сақталғаны дурыс.

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының



өр сезімді ақын - деп тамаша жазған. Қысқалығын өмірдің қазбаламай, Ғұмыры ұзақ жырларын жазған Абай. Көп жасаған пенделер бықсығанда, Аз жасаған ақынның маздағаны - ай. Иә, өскелең заманымыздың өрелі азаматының ғұмыры қысқа болды. Жетпіс жасын тойлай алмай дүниеден өтті... Дүниедегі санасы ізгілік пен жақсылыққа қаншалықты іңқар болса, санасынан туындаған дүние де ізгі де шынайы еді.

Біз аргонавтармыз. Қылған талай зұлымдық бізді күлті - аңсамаймыз қалайша ізгілікті! Өтіріктің нөпірі шыңғыртты жүз - аңсамаймыз қалайша шындықты біз! Қарағандылық дарынды ақын Сәбит Бексейіттің өлеңдерінде адамгершілік рухының бүкіл әлемдегі ту ұстар жыршылармен үндестік сезіледі. Өрелі ақынның жан-жақты терең білімі, үлкен эрудиция, әлем тағдыры - өз тағдырым деп қарайтын кең құлаш, адам баласына деген бауырмалдық, басқаның мұңын бөлісуге бейім ақжарма пейіл оның шығармашылығының тұпқазығына айналған деген еді. “Өркениет заманының сөзгері” деген мақаласында, ақын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулет.

Сәбит Қыдырбайұлы облыстың, республиканың мәде-ни-әдеби өміріне белсене араласты. Жазушылар одағы съездеріне бірнеше дүркін делегат болып сайланды. Дарынды да жаңашыл ақын, қарымды қаламгер, талантты аудармашы, публицист. Әдебиет саласын дамытуға сіңірген еңбегі үшін облыс әкімінің “Алтын жол” сыйлығының иегері. Халықаралық “Түріксой” ұйымының “Ұлы Түрік қыраны” медалімен марапатталды.

Ақын Сәбиттің қас қабағына қараған, отбасында мейірім шапағатын шашып, ақ қағазға жазылған маржан сөздерін, нәзік жүрегімен түсініп, қамқор болған аяулы сүйген жары Бақыт Нысанбайқызы ардагер ұстаз, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. “Өскен елдің өрелі ақыны” атты естелі кітабын жарыққа шығарды.Өмірінің жалғасы Ақниет пен Ақерке атты балалары мен Сәуле атты келіні, Ақназар, Назерке деген немерелері қалды.

Артында өшпес ізі бар. Сәбит кетті, - дегенге сенбейді жұрт, Жұрт білгір ғой. Кетпеген шығар балкім...

Рымтай ШӨКЕЙҚЫЗЫ.
ҚАРАҒАНДЫ қаласы

ЖУРНАЛ - ОҚЫРМАН ДОСЫ



Тілдерді оқыту орталығының әдіскері, педагогика ғылымдарының магистрі Ақмарал Сағынбайқызы өз сөзінде: «Журналда бүгінге дейін 1172 материал жарияланды. Авторларының басым көпшілігі облыс педагогтары (1092 адам), десек те республиканың түкпір-түкпірінен (Нур-Сұлтан, Ақмола, Атырау, Семей, Қарағанды, Алматы және т.б.) 50-ге жуық, көршілес Ресей, Қытай елдерінен 40-қа тарта авторлар өздерінің ғылыми мақала, танымдық эссе, үздік әдістемелік ізденістерін жарыққа шығарды» деп атап өтті. Журнал авторларымен шығармашылық байланыс уақыт өткен сайын дамып келеді, өйткені қазақ жазуының латын графикасына көшуі туралы еліміздің белгілі тілші-ғалымдардың,орфографиялық жұмыс тобы мүшелерінің салмақты да, тұшымды мақалалары журнал арқылы көпшілікке жетіп жатыр. Көзі қырағы, көкірегі ояу оқырман тұшына оқып, зердеге тоқып жатыр деген ой-дамыз.

Бану ДЕМСИНОВА,
Аудандық кітапхана бөлімінің меңгерушісі.
Ақтөбе облысы,
Алға қаласы

ТУРАН АТЫ НЕГЕ ЖОЙЫЛҒАН?

Ойшыл ақын Мағжан Жұмабаев:

*Тұранды түгелімен билеп тұрған,
Ертеде ертегі хан Афрасиаб.*

Ертеден жер емес ол қарапай

Білесің тарихты ашсаң Тұран жайын...

деп тебірене жырлайды. Тұран жерінің шеғарасы «Тұран елінің патшасы Сары Оғлан Қараханның өсиеті» деген мақалада «Сары Оғлан Қарахан патша-бұл қахарлы патшаға Алты Алаштан тараған Тұранның 341-Қағанат Елі қарпа тұрған. Астанасы – Тараз шақары. Қағанаттың құралы «Ушай-кер» - «Ушайғыр Тұбайларда» тұрған. Ұлы Тұранның Шығыс Құбыласы Тыңқы мұхиты, Батыс Құбыласы Күлтөккен (Помпей, Адаматика теңізі), Солтүстік Құбыласы Ала Қар Мұз қабаты (Тундра, Арктика жағалауы) жерлер, Түстік Құбыласы Үнді мұхитына дейін жеткен» деп мәлімдеиді. Осыман бірге Европа музейлерінен алынған Ежелгі Тұранның «Татариан» деп аталатын картасы да қоса берілген, онда Ұлы Тұран даласының шеғарасы толық қамтылған.

Ежелгі Тұран елінің шекарасы(Еуропалықтар «Тар-
тария» - деп атаған. Еуропа музейлерінен алынған)

Зароштризм дінінің қасиетті кітабы «Авеста» мен Фирдаусидің ұлы туындысы «Шахнама» дастанында Иран мен Тұран ортасында болып өткен қанды оқиғалар, әсіресе, дастанның бас кейіпкері Тұраның ұлы қағаны Алып Ер Тоңаның тарихи болмысы кеңінен суреттелді емес пе? Олай болса Иран аталымы бүгінге дейін сақталды да, Ұлы Тұран макротопонимі ұшты күйлі неге жойылған?


Ұлы Тұран макротопонимінің жұтылып жоғалып кетуіне Араб, Иран, Ресей, Қытай мүдделі болған. Дәуірдің Тұран атауы Тұран жеріне ҰШ ғасыр басында ислам дінін тарату мақсатында жер отарлай келген арабтарға ұнамады. Себебі, Тұран сөзі түріктің рухын қоздыратын құдіретті макротопоним болғандықтан, Тұранды жаулаған арабтар Түркістан атандырып жіберген.

ХҮШ ғасыр басында қазақ жерін отарлай бастаған Ресей отаршылдарына Түркістан аталымы ұнамады. Себебі бұл жерді түрік халықтарының санасынан өшіру үшін, оны Орта Азия деген атқа алмастырып, халықтың тарихи жадынан адастыру мақсатын ұстанды.

Азия сөзі - түрік тілінен туындаған макротопоним. Бұл жер көне заманда Ас тайпасы жайлаған жер болғандықтан, ол «Астардың ұясы» деген мағынаны береді. Осыдан келіп Азия сөзі шыққан. Ал отаршылдардың басты мақсаты - түрік халықтарының тарихи жады мен ұлттық санасынан адастырып мәңгірткендіріп жіберу болғандықтан, арабтар Бұхара қаласынан басқа елді мекен жер аттары мен халықтардың, ұлыстардың атына шейін түгел арабшалап тұтастай өзгертіп жіберген.

Ресей империясы араб басқыншыларының Тұранды Түркістанға алмастырса, Ресей отаршылдары Түркістанды Орта Азияға макротопониміне алмастыруды жөн көрген.

Азия сөзі б.з.д алты мың жылдың ар жағында өмір сүрген Ас тайпасына байланысты макротопоним деп аталған еді. Азия деген сөз «Астардың ұясы» деген сөзден шыққан. Азия – «Ас ұясы» деген мағынаға байланысты Азия деген макротопонимге айналып, сол аталыммен қалыптасып кетті.



Тарихта көне заманда Тұран, Иран атандық. Бұл макро топонимдер «Авеста» мен «Шахнама» дастанында бастан аяқ жырланады. Бүгінде сол екі макротопонимнің Ираны бар да Тұраны жоқ. Ол макротопоним неге жойылған, себебі қайда жатыр ?

Бүгінде елді-мекен жер атауларының тарихына назар аударса қарасақ, ойшыл ақын Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі, қайдан шыққандығы туралы» деп аталатын тарихи мақаласында: «...Ол күнде наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнде «Хылытын ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз Құран айтына айтылады, ол уақытта жаңа дінге кірген сөз енді бір ғана Бұхарда басқа шаһарларда да, жер-сулардың да, Тұран макротопонимінің тарихы біздер үшін қастерлі сөз болуы себепті, отаршыл араб, орыс империясының жойған тарихи елді мекен жер атаулары, тарихи отанының қайтарылуы әділетті заңдылық болмақ. Тұран атын араб басқыншылары Түркістан макротопонимін өзгеріске ұшыратты. Ең ақыры, микротопоним болып танылғандық «Түрікбасы» төбесіне дейін жаңылыс ат Түлкібасына атандырып, өзгеріске ұшыратында да отаршылдық топонимнің ісі аңқып тұр емес пе?

халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұқсайды. Әйтеуір, сонан соң «қазақ аталып-ты» деген пікірін еске аламыз. Абай VIII–XIII ғасырда Тұран жеріне арабтардың басқыншылық жасап, отарлап алған соң ономастика саласында жүргізген саясаты арқылы Тұран жеріндегі отаршылдық, тоталитарлық, топонимдердің орнығуына назар аударады. Біздің, яғни, халқымыздың қазақ аталуы себебі де осы өлкеде арабтардың отаршылдық саясатынан өзгеріске түскен тарихынан хабар береді. Наурыз мейрамын Құрбан ай-тымен алмастырыпты. Ол кезде халқымыз «Құлыс» атан-са, оны арабтар қазақ атандырыпты. Яғни, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтардың да аттарын түгелдей бұзған.

Тұран өлкесін сырттан келген басқыншы жаулар жеті-рет отарлап, әр қаиссы сол жеті қабатта елді-мекен, жер-атауларында өздерінің қанды іздерін қалдырып жатты. Мысалы, сол жеті қабаттың: бірінші қабаты болып сана-латын Қытай, екінші қабаты Парсы, үшінші қабаты Грек, төртінші қабаты Араб, бесінші қабаты Моңғол, алтыншы қабаты Қалмақ, ең соңғы қабаты жетінші Орыс отаршыл-дары қалдырған жеті түрлі топонимдік қабаыттарында-сан түрлі терең тарихи сырлар әліге дейін толық ашы-лып ғылыми тұрғыдан әшкереленбей келеді.

Осы жеті түрлі қабаттардың ішінде ономастика са-лаларына айрықша залалды отаршылдық, тоталитарлық топонимдердің қатты бүлінуіне алып келген арабтар мен орыстар қабаты. Бұл әрекетке саналы түрде саяси

Бір Бұхарадан өзге елді мекен, жер атаулары мен мақсат қоя отырып кіріскен араб басқыншыларының халықтыңың бәрі де арабша аталыпты, яғни, тоталитарлық топонимдердің бәрі де арам шөптей қаулап өсіп, жайылған заман да болыпты.

Тіпті, парсы елінің ұлы ақыны Фирдауси «Шахнама» дастанындағы шежіре бойынша Ферейтун патшадан туған үш елі: Түр, Салам, Ираж. Тұрдан түрік елі, Сәлімнен араб елі, Ираждан парсы елі таратылған деп шежіре тарихтан сөз қозғайтыны бар. Осыдан келіп Фирдауси Тұрдан мен Ираж елі арасындағы бірде тату, бірде қату

оқиғалар өрісін таратып, жырлайтын «Шахнама» дастаны елді екі елдің Туран мен Иранның арасында болып өткен тарихи жері де, талас-тартыстың тарихы да, біздің яғни Туран елінің тарихы да кеңінен сөз болып, баяндалатын шынайдықты қалай терістей алмақпыз. Сондықтан Туран макротопонимінің тарихы біздер үшін қастерлі ұғым болуы себепті, отаршыл араб, орыс империясының жойған тарихи елді мекен жер атаулары, тарихи отанына қайтарылуы әділетті заңдылық болмақ. Туран атын араб басқыншылары Түркістан макротопонимімен өзгеріске ұшыратты. Ең ақыры, микротопоним болып танылған «Түрікбасы» төбесіне дейін жаңылт ат Түлікбасы атандырып, өзгеріске ұшыраптында да отаршылдық, топонимнің ісі аққыл түр емес пе?

Тұран өлкесін сырттан келген басқыншы жаулар жеті рет аталап, әр қаиссы сол жеті қабатта елді-мекен, жер атауларында өздерінің қанды іздерін қалдырып жатты. Мысалы, сол жеті қабаттың: бірінші қабаты болып саналатын Қытай, екінші қабаты Парсы, үшінші қабаты Грек, төртінші қабаты Араб, бесінші қабаты Моңғол, алтыншы қабаты Қалмақ, ең соңғы қабаты жетінші Орыс отаршылдары қалдырған жеті түрлі топонимдік қабатытарында сан түрлі терең тарихи сырлар әліге дейін толық ашылып ғылыми тұрғыдан әшкереленбей келеді.

Осы жеті түрлі қабаттардың ішінде ономастика сая-
лаларына айрықша залалды отаршылдық, тоталитарлық,
топонимдердің қатты бүлінуіне алып келген арабтар
мен орыстар қабаты. Бұл әрекетке саналы түрде саяси
мақсат қоя отырып кірісken араб басқыншыларының
саяси жымьсық айла-амалдары ерекше білініп тұрады.
Араб отаршылдары жайпай қолданьсақ түсірген,
жүзеге асырған ономастикадағы саяси тәжірибелерін
XVII-XVIII ғасырда отаршыл Ресей империясы пайда-
лана білді. Ресейдің шоқындыру, орыстандыру, жазу
таңбаларын екі-үш рет алмастыруына алып келген
жымьсық әрекеті түрік халықтарын мәңгүрттенуге алып
келген әрекеттері менмұңдалап тұрады. Мысалы, араб-
тар Туран атын өшіріп, оны Түркістан атымен алмастыр-

са, орыс отаршылдары Түркістанды Орталық Азия аталуына алып келді. Себебі, Түркістан деген макротопонимді халық санасында бұл өлкені жайлаушылар Түрік халқы жер иесі олар деген ұғымды қалыптастыруы ыңғайлы. Осы себепті оны Орта Азия атандырды. Осы ендірген макротопонимді халық санасына сіңіріп, жіберуіне ыңғайлы тіпті, сіңіріп де жіберді. Яғни, үйреншікті ұғымға айналып та кетті. Бізді рухани құлдықта ұстады.

Тәуелсіздік алып, ұлттық сананың баяу болса да оянуына орай ономастика саласының елеулі бөлігі елді-мекен, жер атауларындағы халықтық, отаршылдыққа, тоталитарлық топонимдердің саяси астарлы сырын ашып, ұғына бастадық. Мысалы, 1945 жылы 21 августа РСФСР Жоғары Кеңесінің «О переименовании сельских советов и населенных пунктов Крымской области» деп аталатын Үкіміде сан ғасырлар бойы қалыптасқан қырым татарларының елді мекен жер атауларын тұтастай белден басып орыстық топонимдермен алмастыруы нағыз тоталитарлық топонимнің өзі болып шықты. Мысалы, Бул құбылыс тек Қырым татарларымен ғана шектелмейді. Кавказ бен Дағыстандағы түрік, шешен, қарашай, ингуштерді де 1944 жылы жаппай жер аударғанда, олардың жеріндегі халықтық елді мекен жер атауларын тоталитарлық орыстық топонимдермен алмастырып жатты. Тіпті, 1954 жылы Қазақстанда тың тыңайған жерлерді меңгеру кезінде тек 1,5 млн славяндарды көшіріп әкелгенде де, олар ашқан тың жерлер жаңадан ашылған совхоздар мен мектептер де орысша топонимдермен аталып жатты...

Монархиялық патшалы Ресей мен Кеңестік билік кезінде жұтылып алмасып кеткен үлкенді кішілі халықтық топонимдерді тарихи қалпына келтіру – біздің тәуелсіздік замандағы басты міндетімізге айналуда. Сондықтан араб басқыншылары кезінде алмастырылған қастерлі Туран макротопонимін қалпына келтіруді күллі түрік әлемі қызу түрде қолдауына кұман жоқ. Себебі Туран макротопонимі күллі түрік халықтарының бәріне ортақ қастерлі аталым болғандықтан, оның тарихи ата-лымын қалпына келтіру – әділетті талап екендігіне ХХІ ғасырдың жаңа дүниетанымымен қаруланған адамзат баласының қоғамдық ой санасы да мақұлдамақ.

Ғылымның барлық саласы ХХІ ғасырдың алғашқы жартысында-ақ мың есе еселеніп тоқтауыз шапшаңдатуға даму жолына түспек. Әрине, бұлармен қатарласа қоғамдық ғылым саласы да шапшаң қарыштай өспек. Ендігі заманда мен деген отаршыл империялардың өзін де тарихи шындықтарды астына басып отыра алмайды. бәрі де ашылп әшкереленбек. Тіпті, бұл құбылысқа мойны жанып Ресейдің өзі де төтеп бере алмай архив

қазынасының 4-5-столы түгіл орыс текті ғалымдардан басқа ғалымдарды кіргізбейтін өте құпия түрде сақталып жатқан 6-столына да жол ашылмақ.



Мекемтас
МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Профессор.
Шымкент
қаласы



ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ өзінің кезекті жолдауында « Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер, Тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және осында ер жетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер» деген еді. Бүгінгі жастар – ел ертеңі. Қазақстанның жаңа даму кезеңінің өзі - жастардың қолында. Біз бүгінгі жастарға дұрыс бағыт-бағдар бере алып жүрміз бе? Бүгінгі заманның жастары қандай?

Бірде Әбунасыр әл-Фараби бабамыздан бір әмірші өз елінің болашағы туралы сұрағанда, «Сен алдымен жастарыңды көрсет, сонда мемлекет болашағын болжау қиынға соқпайды» деген екен.

Жастарға тамшыдай болса да пайдасын тигізер деген оймен Үржар аудандық кітапханасына қарасты Қабанбай ауылдық кітапханасында «Қоғам және жастар» атты тақырыпта пікірталас ұйымдастырылды.

Пікірталастың мақсаты: Жасөспірімдерге өз елінің патриоты болуға, Отанын, елін, жерін сүюге, ата-анасын қадірлеуге, бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді бағалай білуге тәрбиелеу. Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін түсіндіру. Пікірталасты алғы сөзімен ашып берген Қабанбай ауылдық кітапханасының кітапханашысы Қаңтарбаева Набира Қалиқызы: «Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін, еліміздің әрбір арпайлап атқан таңының пердесі тек белсенді жастардың мықты-мықты идеяларымен ашыла алатынын айтып кетті. Біздің егеменді еліміздің өркен жайып келе жатқан жастары – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы екенін айтып өтіп, сөз тізгінін пікірталасты ұйымдастырушылардың бірі, кітапханамыздың белсенді оқырманы Бейімбет



Майлин орта мектебінің 9 «А» сынып оқушысы Айғаным Байсұлтановаға берді. Сөз тізгінін алған Айғаным, ортаға ой тастап, сұрақтар қойып, арасында жастардың жетістіктері мен армандары жайлы ой бөлісіп отырды.

Пікірталас барысында оқушылардың ашық айтқан ойынан байқағанымыз, әрбір қатысушы болашақта туған ауылына көмектескісі келетіндерін, елге, туған жеріне пайдасы тиетіндей мамандықты таңдай білу керектігін айтты. Ең бастысы – елімізге адал адам болу. Әділ, ашық, еңбекқор, мейірімді адам, үш тілді ғана емес, көп тіл білетін адам болғылары келетіндерін айтты. Және де батыр бабамыз Қабанбай атын иеленген ауылда, бір ауылдың суын ішіп, бір ауылдың ауасын жұтқан, Алакөлдей қасиетті көлі бар, қасиетті мекенде бірлікте, татулықта осындай адам болатынымызға нақты сенімдіміз дейді ауылдың болашақ жастары. Осы пікірталаста белсенділік көрсеткен Бейімбет Майлин орта мектеп бала-бақшасы КММ-нің оқушылары Байсұлтанова Айғаным, Төлеубекқызы Бірғаным 9 сынып оқушылары, Ажар Қайыржанқызы 10 «Ә» сынып

оқушысы, 8 сынып оқушылары Арна Дәулетхан, Еңлік Көксегенова, Ажар Тазабек, Мәлдір Қасымова, Асыл-Ай Асылханова сынды Ару да сүйкімді қыздарымызға, және де Жарбұлақ орта мектебінің білімді, мықты, пікірталаста ерекше белсенділік көрсеткен 10 «А» сынып оқушылары Сағатқан Серікбол, Жұмагелді Мұхит, 8 «Ә» сынып оқушысы Қазыкен Нұрсәт, 10 «А» сынып оқушылары Индира Ибраимова, Ақбота Анджибай, 9 «А» сынып оқушысы Аймара Мағазбекова сынды барша оқушыларға алғысымыз шексіз.

Осыдан 13-ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған екен. Яғни, біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекетіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатыны белгілі. Ал жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді дана халқымыз. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлікте.

Біз тұрақтылықты бағалай білгендігіміздің арқасында ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен дінін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз.

Пікірталасқа қатысқан жастарымыздың барлығы дерлік бірлікке, ұлттық салт-дәстүрімізді жоғары ұстауды ойлайды. Тәрбие тал бесіктен басталатындай әрбір саналы адам тәрбиені отбасынан алады. Мықты саналы, білімді, тәрбие алған жас, өз ұрпағын да саналы етіп өсіреді дейді жастар. Көп жағдайда, яғни, біздің халқымыз өте еліктігіш халық, еліктеушілікті қойып, саналы адам болып қалыптасуды ойлау керек, өйткені болашақ біздікі дейді Қабанбай ауылының белсенді жастары.

Расымен де, қай кезеңде болмасын, болашақтың
– қожасы жастар. Ақын, Алаш ардақтысы Мағжан
Жұмабаев:

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қайратты
Мен жастарға сенемін!» д

Бүгінгі өскелең ұрпақ, жігерлі де білімді қыз-жігіттер – елдің ертеңі, мемлекетіміздің тірегі. Пікірталасымызда аяқтай отыра, мен өз кезегімде осы пікірталасқа белсене ат салысқан, өз ой-пікірлерім тұжырымды түрде жеткізе барлық қатысушыларға қақ жүректен шыққан аналық алғысымды білдіремін. Көдерінен найзағайдай от ұшқыны көрінген білімді өз ойларын ашық жеткізе білетін қайсар, ер мінезді ұлдарымыз әдемі де келбетті, ибалы сұлу қыздарымыз тұрғанда Қасиетті Қазақ халқының бағындырар биігі, алар асуы алда екеніне қуанышпен көз жеткізіп, біз де іс-шарамызды аяқтадық.

Осы іс-шараның өтуіне мұрындық бола білген Бейімбет Майлин орта мектеп бала-бақшасының 9 сынып оқушысы Айғаным Байсұлтановаға алғысым шексіз.

Нәбира ҚАҢТАРБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауданы, Қабанбай ауылы,
Қабанбай ауылдық кітапханасының
кітапханашысы

Бейсенбі күні Шегір таксиден такси ұстап мініп, қаланы шарлап, банктің сыртын торуылдап, бажайлап көріп шықты. Түс ауа бір иномаркіні тоқтатып мініп алып, бұйра бас шикіл сары шофермен бірден келісті. – Атың кім, қарағым? – Асқар. – Біз екі адам Атыраудан келген бизнесмендер едік, мұнай саласында істейміз. Бүгін-ертең бізді осы қалада алып жүрсең күніне екі жүз доллар береміз, - дегенде: – Екі жүз доллар? Келісемін аға, келістік. – Мынау өзіңнің көлігің бе? – Жоқ, бастығымдыкі. Бастығым музей директоры мен шоферімін.

Ол кісі Астанаға іссапармен кетіп, мен таксовать етіп қалайын дегенім ғой, - деп үрпек бас жігіт сұрағанның бәріне сапылдай жауап беріп, мәз болды. Екі баласы, келіншегі бәрі пәтер жалдап тұрады. Сонау Қалқаманда «Алты Алаш» көшесінде бір байдың есік алдында шо-шаласында тұрып, келіншегі үйін жуып, тамағын істеп береді. Өзі мына жұмысты сол бай кісі арқылы әзер тап-ты. Алакөл жанындағы ауылдан үйленген соң осында көшіп келген.

– Мен жөнді білмеймін. Екеуміз жақсылап тамақтанып алатын кафе-асхана тап, – деп еді сарғыш-танып кеткен тісін көрсете ыржиған ол:

– Аға, өзбек, түрік, ұйғыр асханасының қайсысына апарайын? – деп елпек қақты.

«Киш-Миш» деген өзбек кафесінің сыртқы алаңындағы бөлек-бөлек бөліп қойған үйшігінің бірінде екеуі палау, манти жеп, көк шәй ішіп отырды. Өзбекше киінген, тақиялы қыз тәтті жымыип:

– Киш-миш, курагу әкелейін, - деп жеміс-жидек толы табақтар тартты.

Артынан артық ауыс мөлынан алған тағамдарды оратып, Асқар шоферге берді.

– Қасымдағы досым осындағы құдасынікіне кет-кен, жібермей қойған ғой. Онда «Опера балет театрын» білесің бе?

– Білемін, біздің жұмыстың жанында ғой. – Сағат тоғызда ертең сол жерде күтеміз. Кешікпей келетін бол, – деп жүз доллардан екеуін ұстатты.

Анау мәз болып, ернін жия алмай жайыла күліп: – Аға, сегіз жарымда келемін, – деп басын изей берді.

Ақ жауын себелеп, күн көзін алашұбар ауыр бұлттар тұмшалап, ауа сыз тартып тұрса да Асқар тағатсыздана сыртқа қайта-қайта шығып, кешегі жолаушыларды то-сып, мазасызданды.

Алдыңғы әйнек булана берген соң сүртіп жатқанда – Ассалаумағалейкум, – деп кешегі ағасы қасындағы орынға, ал арт жағына екінші кісі лып кіріп отыра кетті.

– Ағалар, қалай жақсы демалдыңыздар ма?

– Асқар, өзің қалайсың?

– Аға, машинаның іші-сыртын жуғызып, бензинді

шылқылдата құйып қойдым. Қайда апар десеңіздер де мен дайын!

– Қазір бір-екі жерге кіріп шығамыз, содан кейін Талғардағы жерлесімізге апарып келесің.

– Құп болады, ағатай.

– Онда былай жүр -деп барар жерлерін айтты.

– Бізде Атырауда жазда жаңбыр деген тамбайды ғой. Алматы қандай жағап қала. Асқар, қолың бос бол-са ертең Медеуді көрсек...

– Айтсаңыз болды аға. Бастығым жексенбі күні келетін болыпты.

Арт жағындағы кісі үн-түнсіз, тұнжырап отыр. Ал, Шегір саржағал бұйра бас жігітті әңгімеге ұйытып, ма-шинаны керемет жүргізетін шофер екенсің деп мақтап қойды.

– Сен мына әндерді тыңдай отыр, кеше сатып алып едім, – деп шоферға кассета берді. Асқар ыржаландап магнитофонына салып еді, ән асқақтай жөнелді.

Қалта телефоны зын-зың ете түскенде Шегір: – Асқаржан, осынан қозғалма, біз көп ұзамай келеміз, – деп Бокшы екеуі шығып кетті.

Жауын себелеп тұр, көшеде ешкім көрінбейді. Бұлар автотұрақ жаққа жақындағанда банктен екі адам шықты. Біреуі ірі денелі сөмкені иығына іліп алған, екіншісі ши шләпілі зонтигін ашып, төбесіне көтеріп тура бері келе жатты.

«Тас жұтқан тәуекелшіл, ал тәуекел тау жағыдай». От ішінде туған өрттен қорықпайды. Шегір беті бүлк етпей, сабырлы үнмен «Жүр» деп ысылдай сыбырлады. Жол тротуарда бетпе-бет қатарласа бергенде Бокшы жойқын әрекет жасап, екеуін де тырапай асырып, әп-сәтте апай-топай қылды, құтырынып ішіне тығып алған білеу темірмен оққағардың арқасынан періп-періп жіберіп еді, анау күлге аунаған түйедей былжыраған су жерге аунап түсті.

Әне-міне дегенше бұрыштағы айналмада ән тыңдап басын қисаңдатып мәз болып отырған шоферге кіре сала:

– Айда тез! – деп жылан көздене зәрлене бұйрық беріп, финка пышағын тамағына тақағанда безгек қаққандай дірдек қақты. Арт жағында отырған Бокшы қара былғары тоқ сөмкені ашып, үңіле қарап: «Бәрі ор-нында. Қатырамыз» деп қырылдады.

Бұйра бас шофер есі шығып, ана екеуіне қарауға дәті бармай тұжжиып, тотжйн ішкендей іші іріп, санасы сансырап, рулді қыса ұстап, қол-аяғы дірілдеп, ино-марканы безілдеге айдан, алға тесірейе қарап, тілін жұтқандай үн шығара алмады.

Ана екеуі түсіп кеткен соң да бұралаң жолдармен жүріп отырып өзі жұмыс істейтін музейге келгенде екі ГАИ машинасы қабат келіп, ішінен төрт полицей атып шығып, әп-деуге келтірмей кабинадан суырып алып, үсті-басын тінте бастады. Қалтасынан төрт жүз дол-лардан артық ештеңе табылмаған соң, машинаны түгел асты-үстің сүзіп, қарап, мұның қолына кісен салып, алды да кетті.

Әп-сәтте алқам-салқамы шыққан Асқарды біреуі бүйірінен түйіп жіберіп:

– Ақша қайда? – деді. – Қандай ақша? – Қасыңдағы екі қарақшы кімдер? – Білмеймін.

– Қазір көк шыбынды көзіңе үймелетіп, бәрін сайра-тады, – деп Наурызбай көшесіндегі қалалық полицияға дедектетіп әкеп, жеке бөлмеге желкелеп кіргізгенде әдеміше келген қияқ мұртты подполковник сұрақтан-сұрақ жаудырды. Не айтып, не қойғанын білмей меңірейіп, суға салған терідей дода-додасы шықты.

– Сен Асқар әскерге де бармапсың, өмірді түк көрмей, сонша құныққаның қалай? Ештеңе айтпасаң, сол алты миллион евроны сен ұрлады деп соттатып, түрмеде шірсің.

– Алты миллион евро? – Ал, жасырмай қасындағылардың қайда екенін ай-тып берсең, ауыр қылмыстан құтыласың.

Тергеушілер бірінен соң бірі келіп, түрлі-түрлі сан сұрақ беріп, бұл шатасып, көзі мөлиіп, қасында болған екеудің түр-сипатын өзгертіп әзер айтты.

Түнде сағат бірлерде алғаш сұрақ алған дембелше мұртты подполковник келіп:


– Асқар, сенде екі жол бар. Біреуі ұрлаған қаржыны тауып бересің.

Ал, екінші жол – түрме. Оған да сау жібермейміз, – деп мұздатқыштан бөтелке су алып ішті. – Мына мұздай екі бөтелкені мұздатқыштан қайта-қайта алып, екі

соң өзім тауып аламын» деген соң әзер шыдады. Міне, екі күн болды, тым-тырыс. Оның темекі уытты тынысы, дауылдай құтырынған әлемет құштарлы құшағы, тара-мыстай тартылған бір қырым артық еті жоқ серіппелі денесі бәрі-бәрі құмарлығын арттырып, қалай іздерін білмей дал. Жанна екеуі де бір аптаға ғана кетіп еді, жұмысын қожыратып жіберіпті, келушілер аз, кассаға мардымды пұл түспеген. Бақылап, тексеріп отырмаса – ақшалы жерде алдау, алаяқтық бірге жүреді. Бұл сұм дүние – кім-кімді алып түседі, шалып түседі, құлық қыр асқан, өтірік шың асқан, пенделердің көбісі арамдықпен мал-жан, дүние тауып жатқан сұрқия заман.

Бұл алыста, разьезде өсті, әке-шешесі екеуі де

К О З Ш Ы Т Ы Р М А Н О Қ И Ғ А Л Ы Х И К А Я



жалаңаш бүйіріңе таңып қоямыз. Екі күннен кейін суық тиіп, екі айдан кейін құп болып ісіп, екі бүйрегің жұмыс істемей қалады. Өмір бойы мүгедек болып, операция жасатып, екі бүйрегіңді кесіп алдырып тастап, әйеліңе де жарамай, қолысқада отырып қаласың. Сол саған ке-рек пе? Біз ұрып-соқпаймыз. Ал түрмедегілер сені әтеш қып жібереді, жалмауыз оларға да ақша керек.

Асқарды ертеңгісін кісендеулі қаллы банкіге же-тектеп алып келіп еді дәу бұқа мойын іркілдеген банк бастығы айқайлады, көзілдірігі мұрнынан ұшып кете жаздаған шілпиген шетелдік шәңкілдеді. Бүкіл банк қызметкерлерімен кездестіріп, ішінде сыбайласы бар ма деп аралатып шықты. Әсіресе кредит бөлімінде кел-генде Шәлтiк көздерін жыпылықтатып тура қарай алмай компьютеріне үңіле берді.

– Тұрыңыз, – деді полицей оған. Ол аяғы дірілдей орнынан тұрды.

– Танисцің ба? – деп еді шофер басын шайқаған соң, ары өтіп кетті.

Бойындағы дірілі басылып қайта отырғанда кісен-деулі саржағал шофер жігіт:

– Күләнда әпке, Сіз бе? – деп жылап жібергені.

Бұрыштағы шеткі жерде отырған кексе әйел:

– Оу, сен Көкімнің баласы Асқар емесісің? – деп қалды. – Апыр-ай, сен де сондай ма едің? – деп таңданғандай таңдайы оқарты. Банктегі сыбайласы осы әйел болғаны ғой – деп олар Күләнданы да машинаға салып, алды да кетті.

Қалада у-шу, өсек-аяң лаулады. Қылмыскердің біреуі ұсталды, банктегі сыбайласы анықталды, - деген ақпар тарап жатты.

Шетел инвесторы қаржыны тауып бермесеңдер за-уытты мүлде тоқтатып, еліме қайтамын деп қала әкіміне шәңкілдеді.

Вокзалдағы қызметкерлер, кассирлерге фоторобот-тарды көрсетіп, күні-түні іздеу жүргізді. Түрмеден жаңа шыққандарды тексеріп, Қанжардың осында болып, зым-зия жоғалғанынан күдіктеніп еді, ол Петропавловскіден табылып, сыртынан аңду қойылды. Өсектің өртінен дерті жаман, әуелі банк бастығы мен орынбасарла-рынан да күдіктеніп, телефондарын тыңдай бастады. Келіншегі Жанна Анталияда бір апта демалып, тотыдай құлпырып жайнап, сағынып келсе де мұртты подпол-ковник екі тәулік бойы үйіне бармай осы іспен астаң-кестең айналысып, қолы босамай соққан телефонына жауап беруге де мұршасы болмады.

Сұлулық салонындағы жұмысқа келісімен Жанна бастығына:

– Менің күйеуім маған келуге де мұршасы болмай жүр. Банк тоналған дей ме, көмекшісі былдырлап, өте үлкен қылмыс, күзетші өлген дей ме, бірдеңелерді айт-ты, – деп еді Гуля:

– Жорж, түнде бәрін айтты. Банк емес инвесторды тонапты, оның оққағары тірі, ауруханада дейді. Жүрек жұтқандар екен – десті.

Кешке денелері иленген былғарыдай күнге тотық-қан еріккен екі келіншек ресторанға барып, терлеп-теп-шіп рахаттана билеп, үйлеріне жай қайтты.

Гуля Анталияда теңіздің жағасында демалып жат-қанда Шегірді қатты сағынды. «Телефон соқпа, келген



бұлжытпай орындап, тиянақты болсаң – студент атана-сың.

– Ағай, шәйді мен құяйын, – деп Гуля өзі сұранып, шыны-шәйнекке ие болып, төмен отырды.

– Жалпы еркек құйған шәйде дәм болмайды, мұның енді көргенділік, – деп қойды. – Гүлжан айып болмаса күні бойы зыр жүгіріп шаршасам керек, жүз грамм ко-ньяк ішсем бола ма? – деп серванттан аузы ашылмаған коньяк алып, тығынын ашып, рюмкеге құйып:

– Саған да құяйын ба? – деді.

– Жо-жоқ, рақмет ішпеймін.

– Онда міне лимонад бар – деп серванттан бөтелке алып, фуержеге құйып ұсынды.

Декан коньякті, қыз лимонадты ішкен соң, қайта құйды. Ағасы төст сөйлеп, мұның оқуға түсуіне тілекші екенін айтты.

Лимонад сап-салқын, ішкі әлеміне жаңа ағын жүгіртіп, басы зеңгігендей болды.

– Қой, құр сумен жумайық. Тұрсын ағаның тілегі үшін ішкен жан оқуға сөзсіз түседі, – қане сен де жүз грамм іш, – деп қинап, қыстап коньякті бір ішкізді. Гуляға сөз беріп, өңештеп, қоймай отырып және түбіне шейін алдыртып қойды.

– Ағай, басым айналып бара жатыр, - деген сәтте қызуы бөртіп шыға келген былқ-сылқ етіп жүре алмаған қызды қос қолдап көтеріп алып, төргі бөлмедегі төсекке апарып жатқызып, шешіндіре бастады.

– Аға, ағажан не істеп жатырсыз? – деуге әзер шамасы жеткенін біледі, ары қарай бәрі бұлыңғыр, қалың ақмұнар тұман шөккен алқапта жүгіре басып келеді, әппақ дүние, шаршап жүрегі атқақтап, енгітіп, ақшымылдық әлемінде билеп жүр екен дейді...

Оянғанда есін жия алмай қозғалуға дәрмені жоқ, біраз үн-түнсіз жатты. Төсекте қасында қасқабас Тұрсын ағасының қолы мойнына оралып қалыпты, өзінде де, онда да лыпа жоқ. Түрегеп барып, шәугімнің шумегінен лықылдатып су ішті. Ішіне түскен су шым-шым тер шығарып, басы зеңіп, қайта қызды.

Декан да оянып, сипалап, сүйіп ақұрпек балапандай қызды қапсыра құшақтап, бауырына қысты. Бағана өзі шетелге барғанда алып келген дәрісін лимонадқа са-лып ерітіп, дайындап қойғаны қандай жақсы болған. Былқ-сылқ еткен қыз оның үстіне бойбермей ішкізген коньякқа қызара бөртіп, мең-зең, не болып жатқанын өң мен түстің арасында білмей қарулы еркектің қақпанына қалай түскенін аңғара да алмады.

– Қарағым, енді өзіңді студентіңп деп есептей бер. Бұл ағаң сені қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай оқуыңды бітіріп, диплом алып береді. Тек аузыңа сақ бол, екеуіміздің жақындығымызды жан адам білмеуі тиіс. Түсіндің бе? Бағың бар қыз екенсің, мен кездестім. Маскүнем, алқаш, нашақор, нақұрыс біреу бетінді ашса не болғаның? Бойтұмардай сақтаған пәк асылыңды жігіттің мендей сұңқарына сыйлағаның өте дұрыс болған. Шынымды айтсам, мұндай таза бо-лып осы күнге шейін жүргеніңе сенбеген едім. Қалың қорқаулардың арасында қалай аман қалғансың? – де-ген Декан ертеңгісін ертерек тұрып, жұмысына жинала бастады.

Сутүбіне кеткендей мәңгіп, іші өртеніп, селсоқтанып, кәріп болған мүгедектей қорланғанына ызала-нып жатқанымен Тұрсынның зілді сөзінен сескеніп, тұншығып үндей алмады.

– Гүлжан, тұр кеттік, мен жұмысқа баруым керек, – дегенде түрегеп, жуынып, көзін көтеріп қарай алмаған күйі дастархан дайындап, шәй құйып беріп, бәйек бо-лып бұл ағасының күтушісіне қалай айналғанын өзі де аңғармады.

– Сенбі күні сағат бірде кешегі Шоқан Уәлиханов ескерткіші жанында мені күтетін бол! – деді қалаға кел-ген соң, институтқа жетпей түсіріп жатып.

Емтихандардың бәрінен сүрінбей өтіп, дырдай сту-дент атанды, жатақхана алды, у-шу жаңа жастық өмір басталды да кетті. Сенбі сайын Декан мұны машинасы-на салып алып, Медеу шатқалындағы көзден жырақ са-яжайына тартады. Алғашқы кездері өзін-өзі зорлап, ұят қинап, амалсыз көнуші еді, кейін келе-келе бұл күнді асыға күтетін, Тұрсын ағасының іісі мен сөзін, бүкіл қызықты сәтін ынтыға сағынатын сезімге тап болды. Қауызын ашып, күнге маңдайын төсеген қызғалдақтай құлпырып, шешек атып, гүл-гүл жайнаған от қызулы періштеге айналды.

Ай маңдайы біраз қасқаланған, қалған дудар шашы желкесін басқан, қозы қарны бұлтыып, екі беті қызара бөртіп жүретін елуден асқан егде кісіге еті үйреніп, қылықтанып, бура санды бозбала құрдасындай жақын тартып, еркелейтін болды. Жетіспеушілік, қатар құрбылары секілді жаңа көйлек ие алмай, тасып-шалқып жүре алмай өткен сүреңсіз, зынданда қапаста болғандай жоқшылық, сирағы шыққан өткен кедейшілік зары бірте-бірте ұмытылып, айхай да ойхай көл-көсір берекелі, базарлы тұрмысына көңілі шалқып, ажарла-нып, кеудесі мен бөксесі көз тояттанғандай толысты. Жүріс-тұрысы да өзгеріп, жайқала басып өте шыққанда еркек біткен кербез пішін, сымбатты тұлғасына сұқтана қарап қалатын перизатқа айналды. Айқасқа Декан ағасына ұлақап, сипалап отырып, сыбырлап айтса бол-ды қалаған киімін сатып әпереді, қалта пұлынан да қыспады. Қысқы сессиясын ойнап жүріп тапсырды...

Жалғасы бар

МАХАББАТ ФОРМУЛАСЫ

Бір ыдыстан екі рет тамақ ішпеген –
Дәруіштей қаңғырдым.
Ойды кездім бір алпауыт күшпенен,
Өзімді-өзім таң қылдым.

Көнетоз , жамау
Шәмсі күпісі кигенім,
Ақ қанат қағып, дәруіш биін биледім.

Кербездің мысын
Бастым жолымда жолыққан.
Алқызыл гүлдер – ғашықтық келіп тобықтан.

Мен бірақ,
Сәттерді іңқар, көңілдің хошын сақтадым.
Дүниеге де, қошеметке де сатпадым.

Оңаша
Мұң жамылып,
Басыма кітап жастадым.
Дос болдым.
Ешкімге бауыр баспадым.

Тіл табысуға керекті менде жоқ ұғым,
Өзгені ұқпай өзімнен қалды көңілім.

Жылы жүректі салқын жүздерге талатқан,
Сәттерде дедім:
«О, жаратқан! Жаратқан...»

Кезіп келемін, ашылып ойда ел небір.
Зарықтырады ғашықтар,
Жалықтырады пенде құр.
Өлеңім болса, күн сұрамайтын кәдімгі –
Тереземдегі теңгегүл.

Жалықтырмаймын, зарықтырамын жай ғана.
Ойларым көрді көміліп, қонып айға да.
Өлең жазушы, өлең құтуші – өзіммін,
Мен Мәжнүн болдым, және де болдым Ләйлә да.

Пендеден небір, пендеден небір жырақтап,
Кетейін осы, жүрегім, жырақ қырат тап.

Достарым мейлі, айнала берсін жауға да,
Дәруіш жүрек жалғыз кетеді тауға да.

Ұмытқым келіп өлеңдерімнің әлегін,
Қалтырап тұрып естідім жүрек әуенін.

Махаббат па бұл?
Сенуге болады, сенбеуге.
Жауабын тәңір жасырады екен теңдеуге.
Шешім амалын бақылап тұрып хақ санар,
Бір білетінім,
Алғашқы амал - жақшалар.

Бір білетінім – бақыттың жолы алыс, ұқ.
Ашылғанымен жақшалар,
Таңбалар кетер ауысып,
Талғамдар кетер ауысып,
Сезімді түгел тауысып.

Анық қой, анық «жазымыш» дегенде мән бары.
Математика – махаббат, өлең, ән, бәрі...
Теңдеуде күллі әріптер –
Тәңірдің жазған сандары.

Шимайламай-ақ,
Шимайламай-ақ өмірді,
Жылытып тұрмыз,
Жылытып тұрмыз көңілді.
Құлпырып тұрмыз, мұндайды ешкім көрмепті.
Ойша шешеміз, «махаббат» дейтін өрнекті.

ПЛАТФОРМА

Иә, мен көптің бірімін.
Мүмкін тартымдылау қылығым.
Дипломыма қарасам,
“жоғарғы”
білімім.
Оу менің асқақ өлеңім!

Басқалар тартысып жатқанда
тырп етпейтін
жақсы көремін осы бір тылсым тынымын.
Өзін де түсінбейтін әлдебіреулерге жақтасып...
Ойларым шақпақтастар сияқты,
Асфальт астында қаттасып.

Өлеңді асықша шиырып,
Болмысым битумдай ериді
Үгілген алып ойларға құйылып.

Қабат-қабат қағидаларға сіңемін,
Гидракатоктың астында қалғандай жүрегім.

Тасжүрек болсам, үйіліп таудай өсер ем,
Жаңғырып қайтем,
Өлең жолына
үгіліп тұрып төселем.

ТАЛАНТТАР ТРАГЕДИЯСЫ

Көппен жүрген, ойнаған отпенен де.
Жауһарларды жазатын көктегенде.



Жай күндері ешкімге болыспайды,
Ақиқатты айтады жоқ дегенде.

Тістенеді тілінде кегі жатып,
Көрсеқызар фальшты деді “жақұт”.
“Көре алмайды” демендер,
Талант онда,
Есалаңдау күледі шегі қатып.

Сана...
Сана...
Болады қайтіп азат?
Табатын ақиқатты айтып азап.
Жақсы-жақсы ұстаздар - пантомима,
Жақсы-жақсы ақындар - сайқымазақ.

Бұлар да айтпайды енді келе-келе,
Ақиқатты мінбеде, мерекеде.

Өлең, өмір бәрінен
Шаршап тұрған сияқты.
Мен сияқты жандардан
Алшақ тұрған сияқты.

Көрсеқызар дүлділдер
Кішірмейтін сияқты.
Өлеңімді ешбірі
Түсінбейтін сияқты.

Талғамдарын, танымын
Шайып кеткен сияқты.
Дәулеттілер сиқырмен

Байып кеткен сияқты.
Тартыспауға өлеңім
Көніп кеткен сияқты.
Көңілімде бұл өмір
Болып кеткен сияқты.

Көз алдымда бір қызық
Жұмбақ тұрған сияқты.
Кеңістікке қол созып
Ымдап тұрған сияқты.

Тілегіме телміріп
Қарап тұрған сияқты
Қара өлеңді бұрымдай
Тарап тұрған сияқты

Мендік үнсіз сезімді
Шыңдап тұрған сияқты.
Жүрегімді сол күйі
Тыңдап тұрған сияқты



Салтанат ҚАЙЫРБЕК – 1995 жылы
4 тамызда Алматы облысы,
Жамбыл ауданы, Ұзынағаш елді мекенінде
дүниеге келген

Мен үшін...
Әлемде мына,
Әуенде мына,
Өлеңде мына
Мән қалса,

Тұтанып
Манаурай алмай,
Алаулай алмай
Шам жанса.

Қарбалас
Қауым ішінен
Дауыл ішінен
Жүрегің соны аңғарса
Жүрегің соны аңғарса...

Аңғармаса да
Өзіме қымбат
Сөзіме сымбат
Құбылыс.
Жақсы ғой
Болмасқа көніп
Сенімім сөніп
Өзімде өліп
Қалғанша.

Расымен,
Өлеңде мына,
Әуенде мына,
Әлемде мына
Мән қалса!

Дегенмен,
Сол шамды егер
Аңғарса!
Теңізден терең,
Аспаннан биік шығар, ә?
Жүрегім соған
Жүрегім соған таң қалса?

Мен күлгім келеді.
Тапқандай шешімің.
Күрделі жұмбақтың.
Асыр сап ілесіп,
Ішінде
Қарқынды ырғақтың

Көңілді бұлжытпай жазатын-
Өлеңнің, әуеннің ләззатын.
Жүрекпен көретін
суретке, мүсінге
Ұқсатып,
сезімді келеді қашағым,
Маржандар іздегім келеді,
Гәуһарлар жасағым.

Дәл солай күлгім келеді.
Түсінбейді көп адам
бұл күнде мені.
Соған тек...
күлкім келеді.

өлең,
...сенің үніңді өшірмек болғандарды кешіре сал.
менің нәзік жанды екенімді есіме сал.
таңдаулы сөз татып таңдайыма
мәнділігі жазылсын маңдайыма.

өлең,
сыр айтқанда бәз біреу ашыла сәл,
үнсіз қалсам, мөлт етіп жазыла сал.

өлең,
өзіңнің жай ғана өлең екеніңді түсіне сал.
тәкаппар сезімдерге кішіре сал.

өлең,
қалды-ау деп бір мен үшін басы мұңға,
сен менен жасырынба.

өмір үшін сүйдім де, тасыдым да,
саған ғана керекпін, асылында.
өлең!



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесі бай, рухани әлемнен тұратын ауыз әдебиетінің тамырынан бастау алып келеді. Ғасырлар бойы екшеліп, саф алтындай жинақталған ауыз әдебиетінің бір саласы мақал-мәтелдердің бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Үйде ата-анадан, мектепте ұстаздан үйренетін өнегеден баланың тәлім-тәрбиесі қалыптаспақ. Сондықтан шәкіртке әр сөзімен әсер етіп, үлгі көрсеткен ұстаз өз шәкірттеріне түзу жолды сілтемек. Ел аузында, көбіне сөйлеу тілінде қолданылатын сөздердің бай да, мазмұнды саласы-мақал-мәтел, идиоматизмдер, ойлы фразалар болып келеді. «Сөз асылы- мақал» дейді халқымыз. Оның айтушылары да, тұтынушылары да – көпшілік.

Мақал – логикалық, образдық ойдың қосқанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған қанатты, философиялық сөздер. Мақалда этикалық, философиялық, коллективтік мазмұн бар, мақал сөздердің қорытындылары әрдайым айтар ойдың түп қазығындай міндет атқарады.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең фибрат берген. Мақал – осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже. Мақал-мәтелдер адам іс-әрекетінің себебін тікелей бақылау арқылы өзінше түйіндейді. Олар ғылыми бақылаудан гөрі өзінің кездейсоқтығымен, арнайы ұйымдастырылып жоспарланбауымен ерекшеленеді. Алайда өмірде жиі қайталанатын сансыз бақылау, күнделікті тәжірибенің өлшемі ретінде қорытыла келе, психологиялық ойдың мәйегіне айналады.

Көшпелі ата-бабаларымыз сонау ерте заманнан бастап-ақ мақал-мәтелге ерекше мән беріп, оларды ақылымен байыптай алатын адамдарды дәріптеген, қастерлеген. Ондай адам ата-баба даналығының көзіндей саналып, мақал-мәтелмен нәрленген ой түйіндері нанымды болған.

Мақалдарымызда бала тәрбиесіне баса мән берілген. Ұстаздық қызметте шәкірт тәрбиелеу барысында білімділік, біліктілікпен бірге мақал-мәтелдер де тәрбиенің басты тетігі болып табылады. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Қызды



асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген сияқты мақал-мәтелдердің мәні жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ.

Оқушыларға өнер-білім, тіл мен әдебиетімізді үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім – өнер, еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып өз білімін байытқан бала ғана өмірден өзіне тиесілі сыбағасын алмақ.

Ұл мен қыздың мінезі қандай болу керек дегенге халық мақалы бұлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Әдептілік – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақал-мәтелдердің тәрбиелік, этикалық мәні қашанда өз күшінде.

Бала ұғымына лайықты пайдалы кеңестерде айналадағы дүние мен адамның өзара қарым-қатынасын әр қырынан қамтыған сан-алуан ақпараттар аз емес. Мақал-мәтелдердегі оқу мен еңбек, ойын мен өнер, адамның әр түрлі жақсы қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау осы сияқты саналы сөздердің бала санасына біртіндеп құйыла беретіндігі. Халық ұғымымен ақылдылық – баға жетпес қазына. «Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын», «Ақыл азбай-

ды, білім тозбайды», «Ақыл жастан, асыл тастан» деген сияқты. Алдағы іс-әрекеттің нәтижелілігі де ақылға байланысты. Сонымен қатар мақал-мәтелдер сөз салмағын ойлана айтуға үйретеді. Мысалы: «Ойнап сөйлесең де ойлап сөйле», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі». Осы айтылғандардың барлығы ақыл-оймен зерделіліктің сөйлеу мәдениетімен тығыз ұштасып отыратындығын меңзейді. Халқымыз ойға олақ, сөзге шорқақ жанды әжуалап, аз сөйлеп, көп ойлап логикаға жүгініп отыру керектігін ерекше ескертеді. Мәселен, «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді», «Шешеннің тілі – шебердің бізі».

Жас ұрпақты жағымды мінез-құлыққа тәрбиелеумен қатар ұстаз, тәлімгерлерге де бағышталған мақал-мәтелдер де бір төбе. Баланың алғашқы тәрбиешісі ата-анасы болғандықтан, олар өздерінің ақыл, парасаттылығымен, бар болмыс, бейнесімен балаға үлгі бола білу керек. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке балаға сыншы» дегендей.

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабақтарында халық даналығынан шыққан асыл сөз, мақал-мәтелдерді мейлінше молынан орынды қолданып, оқушы санасына сіңіріп отыру әдістемелік тұрғыдан басты міндетіміз болып саналады. Жүйелі сөз жүйесін табар демекші, оқушының әр сауалына оңтайлы мақал-мәтелмен жауап беру де олардың пәнді оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, жігерлендіретіндері анық. Ал сабақ үстінде сергіту сәті ретінде мақал-мәтелдерге байланысты жарыстар мен сайыстар ұйымдастыру, түрлі тапсырмалар беру де өз нәтижесін береді.

Мақал-мәтел арқылы бала бойына адамгершілік қалыптасып, патриоттық және адамгершілік қасиеттерді, үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, иманжүзділік, қонақжайлылық, ақкөңілділік, мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін бойына сіңіреді.

Қазақ халқының салт-дәстүрі қоғамның келешек мұрагерлерін адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеп, бойларына асыл да ізгі қасиеттерді дарытып, ақыл-ой мен дене бітімінің жарасымды болуына, білімге баулып, ата-баба ісін жалғастыруын көздейді. Қазақтың қазақ екенін танытатын ана тіліміз асыл мұрамыз болып табылады.

Айжан ОРАЛОВА,
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы, Үштөбе ауылы,
«Өкпелі» орта мектебінің мұғалімі



ҚАЗАНАМА

Өзімен бірге тұтас бір ғасырдың тарихы мен киесі көшіп кеткендей....

28 сәуір күні бір ұрпақтың анасы ғана емес, ел анасы бола білген, ғасырдың құрдасы болып, өнеге-өсиетімен, тектілік бар қасиетімен заманға үлгі болған аяулы Ана - Мақбал Мұқанқызы дүниеден озып бақилық сапарға аттанды.

Мақбал МҰҚАНҚЫЗЫ 1924 жылы 25 қазанда Торғай өңірінде дүниеге келген, ата-анасы өмір бойы халық ағарту саласында әулетімен ұстаздық жолды өздеріне мұрат еткен жандар болатын.

Көзі тірісінде «Ыбырайдай ұстаздан бата қалған, ұлы жол маған жетті ата-анамнан» – деп, Мақпал апамыз өзінің ағартушылық жолды таңдауына себеп болған ата-анасының өнегелі еңбек жолын үнемі үлгі етіп отыратын.

Соғыс басталған тұста 18 жастағы Мақбал Мұқанқызы Оңтүстік Қазақстан облысы Пахта-арал аудандық атқару комитетінің бірінші орынбасары болып еңбек еткен. Ел басына ауыр күн туған кезде қаршадай қыздың жауапты қызметтегі тынымсыз еңбегі үкімет тарапынан ерекше бағаланып, 1946 жылы 16 қарашада Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен «1941-1946 Ұлы Отан соғысы жылдардағы ерен еңбегі үшін» деген медалімен марапатталған.

Жастайынан білімге құмар Мақбал Мұқанқызы 1946 жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіріп, алған мамандығы бойынша 1957-1978 жылдар арасында Алматы облысы Абай ауылы, Чернышевский атындағы орта мектепте жоғары сыныптарда математика пәнінен сабақ берген.

«Аяладым ару қызды, оқыттым ер ұлды да, Еңбегіме мектептегі 28 жыл куә» – деп, өзі жырлағандай, Мақбал апамыз білім саласында ұзақ жылдар бойы зейнетке шыққанша аянбай қызмет етті.

«Өмір жайлы жазып келем, ғұмыр бойы ізгі өлең,

Әкем жүрген, анам жүрген салдым соқпақ ізбенен» – деп, Мақбал апамызға Алланың дарытқан қасиеті – ақындық. Өзі математик-ұстаз болса да, табиғаттың берген қасиетіне мойынұсынып «Өмір-өзен» атты жыр-жинағын жазып, баспадан шығарған болатын.

Бұл әулет үшін «білім жолы – ғұмыр жолы». Себебі, Мақбал апамыздың өмірлік серігі Сабыр Ахметұлы да ұстаздар династиясын жалғастырған үлкен әулеттен шыққан. Қызы Гүлнәр Сабырқызы – биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, отандық аграрлық ғылым мен білімге мол үлес қосқан көрнекті ғалым болатын.

Мақбал апаның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Қош, Ана!

Алуа ТАҢЖАРЫҚОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология
институтының директоры, филология
ғылымдарының докторы,
профессор.

ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ – ТАРИХИ МҰРА

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласының географиялық тұрған жері бір құрлықты құрайтын әлемнің екі бөлігі – Еуропа мен Азияның нақ түйіскен жерінде орналасқан. Тамаша орманы мен өзені, кең даласы бар Орал өңірінің өткен тарихы көптеген тұлғалар мен оқиғаларды өз қойнауына жасырып жатыр.

Ұлы Даланың қойны-қонышында тарихынан талай сырды шертетін киелі жерлер, құпиясы көп қасиетті мекендер көп-ақ. Осы орайда елімізде енді қолға алынып жатқан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы қазақтың кең даласындағы қасиетті жерлер мен мекендерді жете зерттеп, халыққа жеткізуді мақсат етіп отыр. Осындай киелі жерлерімізді насихаттау мақсатына Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Жайық қалашығы-Қазақстанның тарихи мұрасы» тақырыбында аймақаралық онлайн кездесу өткізілді. Кездесуге Түркістан қаласының балалар кітапханасының оқымандары және Орал қаласының №1 ЖОББ мектебінің оқушылары қатысты. Сөз кезегін бірінші болып алған батысқазақстандық өрендер қазіргі Орал қаласының тұпатасы болып саналатын, Жайық қалашығының қазба жұмыстары кезінде табылған кірпіш құятын пештер, мұнаралар, кесенелер,

хаммам, монша орындары, құмыра, алтын орда кезіндегі ақшалар, керамика тастары табылғандығы туралы айтып өтті. Қазба жұмыстары Жайық қалашығында қала сәулеті мен мәдениеті жоғары болғанын көрсетті. Мысалы, қалашықтағы үйлер мен кесенелер күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Кірпіш шығаратын арнайы пеште болған. Археологиялық зерттеулер Жайық қалашығының Алтын Орда дәуіріндегі дамыған қала қалдығы екенін көрсетеді. Оқушылар Жайық қалашығын тарихи және мәдени мұра ретінде зерттеу, сақтау әрі пайдалану мақсатында Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ашық аспан астындағы музейге айналдыру көзделуде екенін мақтанышпен айтты. Ал Түркістан қаласының оқымандары өз кезегінде «Түркістан: көне мен келешек көпірі» тақырыбында Түркістан тарихы, Тайқазан туралы, аты әлемге танылған «Қожа Ахмет Ясауи», «Жылаған ана», «Гайһар ана», «Укаша ата» сынды қасиетті де киелі кесенелері туралы аңыз әңгімелер арқылы айтып өтті. Туған еліміздің қай өлкесі болмасын барша оқымандарымыз тарихи мұраларымызды біліп, мақтанышпен айтып жүретіне сенеміз, бұл біздің тарихымыз, ата бабаларымыздан қалған мұра оны әлі де танып білеміз деп ойлаймын.

Гүлнар БЕК-ӘЛІ,
Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы,
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

